



Сыр бойы

№154-155 (21030-21031) 11 қазан, сенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi_kz
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

МАҚСАТ — ДОСТАСТЫҚТЫ ЖАҢА ИДЕЯЛАР МЕН МҮМКІНДІКТЕРДІҢ КЕҢІСТІГІНЕ АЙНАЛДЫРУ



Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ТМД мемлекеттері басшылары кеңесінің отырысында сөз сөйледі. Қонақжайлық танытып, саммитті жоғары деңгейде ұйымдастырған тәжік тарапы мен Президент Әмомали Рахмонға алғыс айтты.

— Тәжікстанның табысты төрағалығы Ұйымның әлеуетін нығайтуға, көпжоспарлы ынтымақтастығымызды тереңдетуге үлкен үлес қосты. Бұл саммит Қазақстанда халықаралық беделді ұйым саналатын ТМД жұмысына үлкен серпін береді, — деді Мемлекет басшысы.

Президент биыл Ұлы Жеңістің 80 жылдығы аталып өтіп жатқанын еске салды.

— Барлық мемлекеттің дамуына жол ашатын жалпыадамзаттық құндылықтарды ауыр жағдайда қорғаған әкелеріміз бен аналарымыздың, жеңімпаз ұрпақтың өшпес ерлігін қазақстандықтар қастер тұтады. ТМД аумағында, соның ішінде Қазақстанда айтулы мерейтой лайықты деңгейде аталып өтті. Мерекелік іс-шаралардың шырқау шегі Мәскеу мен Бейжіңде өткен ауқымды әрі мазмұнды салтанатты шерулер болды. Адамзат тарихындағы ең қанқұйлы соғыстың қаһармандары мен барша қатысушысын жадымызда мәңгі сақтау — моральдық парызымыз. Фашизмді жермен-жексен еткен Ұлы Жеңіске 80 жыл тосса да, өкінішке қарай, әлем салдары ауыр тиетін жаһандық қақтығыс қаупімен тағы да бетпе-бет келіп отыр. Қазақстан Екінші дүниежүзілік соғыстың тарихи шындығын бұрмалауға, фашизмді тойғартқан Ұлы Жеңістің тарихи маңызын төмендетуге қатысты әрекеттерге қарсы. Халықаралық құқықтың іргесі сөгіле бастағанын, қақтығысқан мемлекеттер арасындағы сенім деңгейі әбден төмендегенін, көзқарастар қайшылығы күшейе түскенін, көпжақты дипломатияның дағдарысқа ұшы-

рағанын, Біріккен Ұлттар Ұйымының бітімгерлік әлеуеті әлсірегенін алаңдаушылықпен қабылдаймыз. Осындай геосаяси дүрбелеңдер жағдайында барлық қақтығыс факторын жою үшін ТМД елдері мен барша жақтастарымыздың күш біріктіруі өте өзекті. Мұны өзара түсіністік пен жан-жақты ойластырылған іс-қимыл арқылы шешуге болады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің пікірінше, ТМД жаңа тарихи жағдайда мемлекеттер арасындағы сенімді арттырудың халықаралық тетігі ретінде сұранысқа ие құрылым екенін дәлелдеді.

Достастықтың 35 жылдығы қарсаңында Мемлекет басшысы елдер арасындағы стратегиялық серіктестікті дамытуға және Ұйым қызметін ілгерілетуге бағытталған бірқатар ұсынысын ортаға салды.

Қасым-Жомарт Тоқаев сауда-экономикалық байланыстарды жандандыру негізгі басымдықтардың бірі болып қалуға тиіс екенін айтты.

— Өткен жылдың қорытындысы бойынша ТМД елдері сауда айналымының жалпы көлемі 8 пайыз ұлғайып, 110 миллиард долларға жетті. Сонымен қатар, соңғы бес жылда Қазақстанның Достастық мемлекеттерімен алыс-берісі бір жарым есе өсіп, 38 миллиард долларды құрады. Бұл көрсеткіш Ұйымның сауда-экономикалық әлеуетін танытады және әлі де мүмкіндіктердің бар екенін байқатады.

2-бет

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ЖАҢАРТЫЛҒАН ЗАҢНАМА ТАЛАПТАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Парламент Сенаты Қаржы және бюджет комитетінің көшпелі отырысы өтіп, онда жаңартылған заңнама талаптарына сәйкес бюджет процесін іске асыру мәселелері талқыланды.

Отырысқа Парламент Сенаты Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы Сұлтанбек Мәкежанов, Ұлттық экономика министрлігі бюджет саясаты департаментінің директоры Гульором Муллабаева, Қаржы министрлігі бюджеттік жоспарлау департаментінің директоры Сейілхан Исмағұлов қатысты.

Аймақ басшысы Президент тапсырмасында нақтыланған бюджет қаражатын ұтымды жоспарлау мен тиімді игеру міндетін атап өтті.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы бюджет қаржысын тиімді жоспарлау, мақсатқа сай бөлу мен игеру жөнінде міндеттер жүктегені белгілі. Облыс бюджетінен әлеуметтік салаға 2023-2025 жылдары бөлінген қаражаттың мақсатты жұмсалыуына жүргізілген зерделеу, бақылау

шараларының нәтижесінде 100 млрд тенгеге жуық қаржы үнемделді. Оның ішінде білім саласынан 58 млрд 600 млн тенге, «Арт спорт» бағдарламасынан 13 млрд 100 млн тенге, әлеуметтік қорғау саласынан 8 млрд 200 млн тенге үнемделіп, бюджет қазынасында қалды.

Жаңадан жүзеге асырылатын инвестициялық жобаларға құжаттама әзірлеуге демеушілер есебінен 7 млрд тенге бөлінді. Барлық 7 ауданда «Руханият орталықтарын» салып, бұған дейін әр жерде орналасқан мекемелерді бір орталыққа біріктірдік. Бұл ғимараттарды ұстап тұру шығындарын қысқартуға жол ашты. Мектептерге қосымша ғимараттар салу арқылы үш ауысымдық оқу мәселесін түбегейлі шешіп, жаңа мектеп салуға қажеттіліктің алдын алдық.

2-бет



Кеше «Өнер орталығында» «Қорқыт және Ұлы дала сазы» халықаралық фольклорлық-музыкалық өнер фестивалінің гала-концерті өтті. Алдымен орталық фойесінде «Жібек жолы жаңғырығы» атты Сыр бойы дәстүрлі-мәдени мұраларының modern-көрмесі көпшілік назарына ұсынылды.

ТҮРКІ ЖҰРТЫНЫҢ ТӨР МЕКЕНІНЕН ТАРАҒАН САЗ



Онда облыстық тарихи өлкетану музейінің бөлім меңгерушісі Эльзира Нағашыбайқызы құнды мұралар туралы айтып берді.

— Көрмеге музей қорында сақталған аса құнды мұралар қойылды. Соның ішінде Жанкент қалашығынан табылған керамикалық бұйымдар, ыдыстар, қыш дастарқан және қазба жұмысы кезінде табылған жәдігерлер де бар. Жанкент қалашығын Қорқытпен тығыз байланыстырамыз. Өйткені Қорқыт бабамыз сонда өмірге келген. Қалашық оғыз тайпасының астанасы да болған. Қорқыт атадан бастау алған жыраулық өнерді дамытушы, жалғастырушы бақсылар мен жыраулардың, Бекберген мен Нұрғали бақсының қобыздарының көшірмесі қойылды. Музей қорындағы домбыралар да осы жерден орын алды, — дейді бөлім меңгерушісі.

Концерт «Томирис» би ансамблі, театр артистері мен «Сырлы саз» этно және домбырашылар ансамблінің бірлескен «Қорқыт» композициясымен басталды. Мұнан кейін фестивальге қатысушы қонақтар мен өнерпаздардың жұлдызды шеруіне жалғасты.

«Түркі мәдениеті және мұрасы» қорының президенті Ақтоты Райымқұлова қордың 2012 жылы түркі мемлекеттері басшыларының қолдауымен құрылғанын айтты. Бауырлас халық-

тардың рухани және мәдени мұрасын жаңғырту мақсатында ұйымдастырылған шараны киелі Сыр топырағында өткізген облыс басшылығына алғысын, жиналған қауымға Әзербайжан елінің сәлемін жеткізді.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бұл «Қорқыт және Ұлы дала сазы» халықаралық өнер фестиваліне қатысушы түркі халықтары өнер шеберлерінің Сыр еліндегі жетінші рет жүздесуі екенін айтты.

— Айтулы шара ұлтымыздың тарихи қазақ атауының қайтарылғанына, Қызылорданың қазақ елінің астанасы болғанына 100 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келуде. Фестиваль аясында өткен халықаралық конференцияға белгілі түркітанушы ғалымдар қатысып, Қорқыт атаның құнды мұраларын, эпикалық жырларды талқылады. Түркия, Ресей, Әзербайжан, Өзбекстан, Қырғызстаннан және еліміздің бірқатар аймағынан келген 200-ге жуық өнерпаз екі күн бойы өнер көрсетті. Шараны ұйымдастыруға қолдау көрсеткен «Түркі мәдениеті және мұрасы» қорының президенті Ақтоты Райымқұловаға, шақыртуымызды қабыл алып, бауырлас елдерден келген қонақтарымызға барша Сыр жұртшылығының атынан шынайы алғыс білдіреміз.

8-бет



Суреттерді түсірген: Бағдат ЕСЖАНОВ

/// ПРЕСС ТУР

«ДАМУ» ӨРЛЕУГЕ ЖОЛ АШТЫ

Мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп отырған саланың қатарында кәсіпкерлік бар. Өсіресе, шағын және орта бизнеске бет бұрғандарға «Даму» қоры демеу көрсетеді. Бүгінде қордың игілігін көрген қаншама кәсіпкер шаруасын ширатып отыр. Осы орайда қордың аймақтық филиалы тиімді жеңілдіктерге қол жеткізіп, заманауи технологиямен жабдықталып, кәсібін кеңейткен, өнімін еселеген бизнес өкілдерімен кездесу үшін пресс тур ұйымдастырды.

Алдымен филиал директоры Айдос Жылқайдаров баспасөз өкілдерімен кездесіп, биылдан бастап «Даму» қоры базасында ірі инвестициялық жобалар мен шағын және орта бизнесті несиелеуге арналған екі кепілдік тетігі іске қосылғанын жеткізді.

— «Даму» қоры ұлттық даму институты болған-

дыктан, еліміздің барлық өңіріндегі шағын және орта бизнестің сапалы дамуына ықпал етеді. Бұл экономикаға айтарлықтай серпін береді. Біз кәсіпкерлерге үйреншікті қолдау тетіктерін сақтап қалдық, дегенмен олардың мазмұнын жетілдіріп, жұмыстың тиімділігін арттырдық, — деді ол.

3-бет

МАҚСАТ — ДОСТАСТЫҚТЫ ЖАҢА ИДЕЯЛАР МЕН МҮМКІНДІКТЕРДІҢ КЕҢІСТІГІНЕ АЙНАЛДЫРУ

Сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі арттыруға қажетті институттық және құқықтық базамыз бар. Өзара тиімді талаптарға сай қызмет көрсету нарықтарына тікелей әрі кедергісіз қолжетімділікті кеңейтуге, бірлескен өндірістерді іске қосуға, негізгі салалардағы кооперациялық байланыстарды күшейтуге баса мән беру керек деп санаймыз. Инвестиция тарту, көлік-транзит әлеуетін тиімді пайдалану, цифрлық шешімдер енгізу және өңірлердің тең дәрежелі байланыстарын дамыту басымдықтардың қатарында болуға тиіс. ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің экономикалық өсімін қамтамасыз етудің тың мүмкіндіктерін қарастыруды ұсынамыз. Мұны келесі жылы сәуір айында БҰҰ аясында Астанада өтетін халықаралық форум алаңында ұйымдастыруға болады. Жиын қауіпсіздік пен дамудың қазіргі сын-қатерлерінің себеп-салдарын зерделеуге арналады. Осылайша, ТМД-ның жетекші сарапшылары қазіргі уақыттың қиын проблемаларын шешуге үлес қоса алар еді. 2026 жылы Қазақстан Еуразиялық экономикалық одақ органына төрағалық етеді. Еліміздің төрағалығы аясында бірқатар маңызды іс-шара жоспарланған, соның ішінде Еуразиялық экономикалық форум ұйымдастырылмақ. Орайлы сәтті пайдаланып, құрметті әріптестерімді, сондай-ақ ТМД елдері үкіметтерінің мүшелері мен бизнес өкілдерін форум жұмысына белсенді қатысуға шақырамын. Аталған алаңда елдерімізге қатысты ортақ мәселелер қарастырылатынын ескере отырып, оған ЕАЭО мен ТМД-ның бірлескен іс-шарасы мәртебесін беруді қарастыруды ұсынамын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент белсенді жұмыс істейтін көлік дәліздері табысты сауда-экономикалық ынтымақтастықтың кепілі екенін атап өтті. Біздің аймақ Еуропа мен Азияны жалғап, жаһандық көлік-логистика жүйесінде ерекше рөл атқарып келеді.

— «Солтүстік-Оңтүстік» дәлізі ТМД мемлекеттері үшін Парсы шығанағы мен Оңтүстік Азия елдерінің нарығына тікелей жол ашады. Ал «Шығыс-Батыс» бастамасы мен Транскаспий бағдары Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» мегажобасымен ұштасып, ТМД аумағын Еуразиядағы тоғыз жолдың торабына айналдырады. Өңіріміздің транзиттік мүмкіндіктерін жақында ғана Қазақстан аумағында іске қосылған «Достық-Мойынты» теміржол желісі күшейте түседі. Ол ТрансҚазақстан теміржол дәлізін қалыптастырудың негізін қалайды. Бірақ мемлекеттеріміздің көлік саласындағы әлеуетін толық ашу үшін біздің алдымызда заманауи инфрақұрылым қалыптастыру міндеті тұр. Достастықтың бірыңғай цифрлық көлік-логистика картасын әзірлеуді ұсынамын. Бұл ұлттық инфрақұрылымдық жоспарларды біріктіруге және көлік байланыстарының тұтас кеңістігін жасақтауға мүмкіндік береді. Өз кезегінде ол инвестиция көлемін арттыруға жағдай жасайды. Бүгінде Қазақстан бастамашы болған ТМД-ға мүше мемлекеттердің аумағы арқылы өтетін күре жолдарды өзара ұштастыру тұжырымдамасы бойынша жұмыстар аяқталып келеді. Жүк ағынын тиімді басқару, шығындарды төмендету және төуекелдерді азайту үшін бұл құжатты жасанды интеллект технологияларын енгізуді көздейтін ережелермен толықтыру қажет, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев цифрландыру мен жасанды интеллект мемлекеттердің орнықты дамуы мен бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторына айналғанына мән берді. Қазақстан мемлекеттік басқару, әлеуметтік сала мен азаматтардың тұрмыс-тіршілігін қамтитын цифрлық күн тәртібін жедел ілгерілетіп келеді. Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі құрылды, Цифрлық кодекс бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ аталған саладағы барлық бастама мен жобаны ұлттық стратегияға біріктіретін Цифрлық Қазақстан тұжырымдамалық құжатты әзірленуде. Президент еліміз ТМД мемлекеттерімен осы саладағы ынтымақтастыққа ашық екенін мәлімдеді.

Мемлекет басшысы жуырда елімізде жасанды интеллект саласына маманданған университет құру жөнінде шешім қабылданғанына тоқталды. Бұдан бөлек, 400 мың студентті қамтып, зерттеушілер командасы мен DeepTech стартаптарының қалыптасуына қолайлы жағдай жасайтын мемлекеттік бағдарлама табысты жүзеге асырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев осы жобаны кеңінен таратуды ұсынып, жаһандық нарықтағы қатаң бәсеке жағдайында жұмыс істеуге қабілетті мамандардың жаңа буынын даярлау мақсатында Қазақстанның Достастық елдерімен ынтымақтастық орнатуға әзір екенін жеткізді.

Мемлекет басшысы экологиялық қауіп, табиғи және техногендік апаттар ТМД елдерінің орнықты дамуына зор қатер төндіреді деп санайды. Президенттің айтуынша, мұндай жағдайларды ерте бастан анықтаудың және ескертудің тиімді тетіктерін қарастыру маңызды міндет.

— Климаттық және техногендік төтенше жағдайларды болжаудың өңірлік орталығын құру арқылы бірлесе жұмыс істеуді ұсынамыз. Каспий теңізінің тез тартылып бара жатқаны зор алаңдаушылық туғызып отыр. Негізгі бұл — өңірлік қана емес, жаһандық проблема. Сондықтан біздің бастамамызбен әзірленіп жатқан Каспийдің су ресурстарын сақтау бойынша мемлекетаралық бағдарламаға қосылуды ұсынамыз. Мұндай маңызды құжатты дайындауға Каспий теңізінің жағалауындағы елдермен бірге барлық мүдделі мемлекеттер және халықаралық ұйымдар тартылуға тиіс, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев мәдени-гуманитарлық қатынастар елдерімізді біріктіретін негізгі фактор екеніне назар аударды. Президент дәстүр мен инновацияны, тарихи мұра мен заманауи технологияны сабақтастыратын креативті индустрияны дамытудың болашағы зор деп есептейді.

— Қазақстан осы саланы дамыту бағытында жұмыс атқарып жатыр. Бүгінде креативті секторымыздағы қосылған құн 2 миллиард доллардан асады. Бұл индустрияда 143 мың адам жұмыс істейді. Креативті индустрия экономикамызға оң ықпал етуде. Ең маңыздысы, ол мәдени дипломатияның, елдеріміз арасындағы достық пен тату көршілікті нығайтудың тиімді тетігіне айналды. ТМД елдерінің бұл бағыттағы әлеуеті зор. ТМД-ның гуманитарлық ынтымақтастық жөніндегі мемлекетаралық қоры базасында Креативті индустрия қауымдастығын құруды ұсынамын. Оның басты мақсаты жас таланттарды қолдау, бірлескен жобаларды іске асыру, креативті экономиканың экожүйесін қалыптастыру болуы қажет, — деді Мемлекет басшысы.

Президент ТМД-ның әлемдік аренадағы абырой-белелін нығайтудың маңызына тоқталды. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Қазақстан Достастықтың халықаралық байланыстарын жандандыруды дәйекті түрде қолдайды.

— Естеріңізде болса, 2023 жылы Қазақстан Республикасының ұсынысы бойынша ТМД-ның Байқаушылары мен Серіктесі институты бекітілді. Бұл бастаманың алғашқы нәтижелері байқала бастағанын ризашылықпен атап өткім келеді. Бүгін Шанхай ынтымақтастық ұйымына Байқаушы мәртебесін беру туралы шешім қабылдаймыз. Бұл оқиға Еуразияның аймақтық құрылымдары ықпалдастығы тарихының жаңа парағын ашады. Бұдан бөлек, Мәскеудегі саммитте Қазақстан ұсынған «ТМД плюс» форматында қарым-қатынас орнатуды қолдаймыз. Аталған қадам ТМД-ның халықаралық аренадағы рөлін нығайта түседі, — деді Мемлекет басшысы.

Сөз соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Кеңестің келесі жылы Ұйымға Түрікменстанның төрағалық ету жөніндегі шешіміне қолдау білдірді.

— Түрікменстан Президенті Сердар Гурбангулиевич Бердімұхамедовті осы маңызды әрі құрметті миссияны қолға алуымен құттықтаймын. Мақсатымыз ортақ — Достастықты жасампаздық пен өрлеудің, жаңа идеялар мен мүмкіндіктердің кеңістігіне айналдыру. Бірлескен күш-жігер арқылы ТМД-ны қарқынды, тиімді әрі болашаққа нық қадам басқан халықаралық ұйым ретінде нығайта алатынымызға сенімдімін, — деді Мемлекет басшысы.

Отырыста Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Армения Премьер-министрі Никол Пашинян, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Кыргызстан Президенті Садыр Жапаров, Ресей Президенті Владимир Путин, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, ТМД Бас хатшысы Сергей Лебедев сөз сөйледі.

1-бет

ЖАҢАРТЫЛҒАН ЗАҢНАМА ТАЛАПТАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Осылайша, бюджетке түсетін салмақ азайтылып, 13 млрд 100 млн теңге өнғайландырылды, — деді облыс әкімі.

Мамандардың айтуынша, жаңа ұшжылдық кезеңге арналған жалпы сипаттағы трансферттер Үкіметтің алдына қойылған негізгі міндеттерді шешуге, оның ішінде өңірлердің қаржылық дербестігін кеңейтуге, халық үшін әлеуметтік игіліктер мен мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін теңестіруге, сондай-ақ өңірлер арасындағы инфрақұрылымдық теңсіздіктерді азайтуға ықпал етеді.

Жиынға қатысушылар бюджет процесін іске асыру барысында туындайтын өзекті мәселелерді, сондай-ақ елімізде қолданыстағы трансферттік тетіктерді талқылап, туындаған сұрақтарға жауап алды.

1-бет

АГРАРЛЫҚ САЛАНЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚ АЛҒА БАСТЫРАДЫ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен Мемлекет басшысының Жолдауындағы негізгі бағыттардың бірі агроэкономика және аграрлық ғылымды дамыту мәселелері талқыланған жиын өтті. Оған мәслихат депутаттары, басқармалар мен аумақтық департамент басшылары, ғалымдар, шаруашылық құрылымдарының өкілдері, онлайн байланыс арқылы Қызылорда қаласы мен барлық аудан әкімдері қатысты.



Облыс әкімі сала басшыларына Жолдаудан туындайтын міндеттерді сапалы әрі уақытылы жүзеге асыру бойынша нақты тапсырмалар жүктеді.

— Мемлекет басшысы Жолдауында: «Қолданбалы ауыл шаруашылығы ғылымын жедел өркендетпейінше, агроөнеркәсіп кешінін ұзақ уақыт бойы қарқынды дамыту мүмкін емес» деген болатын. Әсіресе, аграрлық саланы цифрландыруға, ауыл шаруашылығы ғылымын жетілдіруге негізгі басымдық беруді ерекше атап өтіп, бес міндетті айқындады.

Бірінші кезекте ауыл шаруашылығы саласына жаңа тәсілдерді, заманауи технологиялар мен цифрлық шешімдерді, жасанды интеллектті енгізу, екінші, өнімділік пен қайта өңдеуді арттыру, үшінші, технологиялық жаңғырту, төртінші, ғылым мен зерттеуді дамыту, бесінші, қаржылай қолдау көрсету.

Аграрлық салаға цифрлық технологияларды кеңінен қолдану, терең өңдеу бағытындағы жұмыс баса мән беруді қажет етеді. Ғылымды дамытып, цифрлық техно-

логияларды қолданудың тиімділігін шаруашылық құрылымдарына түсіндіру керек.

Саланы жетілдіруге арналған ғылыми жобаларды қолдап, оларды іске асыруды сүйемелдеп, цифрландырудағы тың бастамаларды өндіріске енгізуді қарастырыңыздар. Ыбырай Жақаев атындағы Қазақ күріш ғылыми-зерттеу институты білім беру орталығының жұмысын жандандыру, ғылыммен айналысатын білікті мамандар даярлау өте маңызды. Оқу орындарын бітірген түлектерді жұмысқа тарту керек.

Президентіміздің сенімін ақтау — баршамыздың ортақ парызымыз. Сондықтан осы бағытта атқаратын жұмыстарымыз жүйелі, нәтижелі болсын.

Бүгінгі берілген барлық тапсырманың орындалуы тұрақты бақылауымызда болады. Жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен біресе атқаруға шақырамын, — деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Мемлекет тарапынан жыл сайын бөлінген қаржының арқасында өткен 8 айдың қорытындысымен ауыл шаруашылығында 66 млрд 900 млн теңгенің өнімі өндіріліп,

былтырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 2,5 пайыз, тамақ өнімдерін өңдеу көлемі 16 пайыз артқан.

Жиында облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев күріш көлемін кезең-кезеңімен өнғайландырып, суды аз қажет ететін дақылдарды жерсіндіру туралы хабарлама жасады.

Ы Жақаев атындағы Қазақ күріш ғылыми-зерттеу институтының директоры, облыстық қоғамдық кеңес төрағасы Сұлтанбек Тәуіпбаев аграрлық ғылымды жедел өркендету арқылы агроөнеркәсіп кешінін қарқынды дамыту мүмкіндіктерін тоқталды. «Ер-Әлі» шаруа қожалығының төрағасы Әліби Бекжанов цифрландыру тәсілдері арқылы өндіріс тиімділігін арттыру, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ректоры Бейбітқұл Кәрімова білікті кадр дайындап, озық ғылыми жобаларды өндіріске енгізу, сала ардагері, мемлекет және қоғам қайраткері Бекмырза Еламанов су тапшылығы жағдайында қолданылған тәжірибелер жайында пікір білдірді.

/// КОНФЕРЕНЦИЯ

ДӘУІРЛЕР ТОҒЫСЫНДАҒЫ СЫР ӨҢІРІ: ТАРИХ ЖӘНЕ ТАҒЫЛЫМ

«Достық үйінде» Қызылорданың Астана болғанына 100 жыл және Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арналған «Дәуірлер тоғысындағы Сыр өңірі: тарих және тағылым» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Оған зиялы қауым өкілдері, ғалымдар, ассамблея құрылымдарының мүшелері, этномәдени бірлестік жетекшілері мен жастар қатысты.

Конференцияның ашылуында облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет өңірдің тарихи ерекшеліктеріне тоқталып, шараның мазмұнды өтуіне тілек білдірді.

— Сыр өңірі — көне өркениет іздері сайрап жатқан, тарихы терең, тағылымы мол мекен. Бұл өңірде ұлт тарихындағы ең маңызды шешімдер қабылданып, Алаш ардақтары ел мүддесі жолында тер төкті. 1925 жылы дәл осы қалада халқымызға «Қазақ» деген атаудың қайтарылуы — тарихи әділдіктің орнауының айқын көрінісі.

Быыл — өңір тарихы үшін айтулы жыл. Алғашқыда Ақмешіт, кейіннен Қызылорда атанған қаламыздың Алашқа астана болғанына 100 жыл толып отыр. Алаш деп айқындап айтуымыздың себебі, сол жиырмаасыншы жылдардың ортасында мұнда Ахмет Байтұрсынов, Сәкен Сейфуллин, Сұлтанбек Қожанов, Бейімбет Майлин, Сәбит Мұқанов, Темірбек Жүргенов, Ахмет Жұбанов сынды саяси қайраткерлер, әдебиет, мәдениет саласының белді тұлғалары ел үшін қызмет етті. Қызылорда ел астанасы болған кезде маңызды шешімдер қабылданған саяси орталыққа айналды, — деді.

Қазақстан халқы Ассамблеясының ел бірлігі мен этносаралық татулықты нығайтудағы маңызы зор. Облыста 30-дан астам этнос өкілі тату өмір сүріп, 11 этномәдени бірлестік түрлі бағыттағы мәдени-ағартушылық шараларды тұрақты өткізіп келеді. Қала орталығынан «ҚазАтомӨнеркәсіп» компаниясының қолдауымен жаңа «Достық үйі» салынуда. Ғимарат ассамблеяның 30 жылдығына тарту ретінде жыл соңына дейін пайдалануға берілмек.

Конференция барысында Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті Философия, саясаттану және дінтану институтының директоры, әлеуметтану ғылымдарының докторы, ҚХА ғылыми-сарапшылық кеңесінің төрағасы Айгүл Сәдуақасова «Қазақстан халқы Ассамблеясы азаматтық мектебі ретінде» тақырыбында баяндама жасады.

— Азаматтықты қалыптастыратын негізгі екі әлеуметтік институт бар. Оның біріншісі — отбасы, екіншісі — білім беру жүйесі. Биылдан бастап біздің мектептерде «Адал азамат тәрбиелеу» бағдарламасы осы мақсатқа қызмет етеді. Қай өңірде тұрсақ та, өмір сүру салтымыз бірдей. Әрине, әр өңірдің ерекшелігі бар. Тура солай, еліміздегі 124 этнос өкілінің тарихы бар.

Депортациялау кезеңінде бір жарым миллион халық Қазақстан территориясына жер аударылды. Бұл ашаршылық жылдарында қаза тапқан халықтың тең жартысын толықтырса, екінші жағынан оларды теңестірді деп айтуға болады. Сондықтан ассамблея тарапынан 15 жыл бойы «Өткенге тағзым» деген тақырыпты көтеріп, депортацияға арналған шаралар өткізілуде. Қазіргі таңда «Шаңырақ» деп аталатын Қазақстан халқы ассамблеясының кафедралары 40 жоғары оқу орны мен колледждерде қызмет етуде, — деді А.Сәдуақасова.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Сейдулла Садықов «Ұлттық рух алдаспаны немесе қалай қазақ атандық?» атты мазмұнды баяндама жасап, ұлттың тарихи жалын сақтау мен рухани сабақтастықтың маңызын айрықша атап өтті.

— Өткен тарихымызға көз жүгіртер болсақ, ұлтымыздың қазақ атауы ХХ ғасырдың алғашқы ширегіне дейін түрлі аталып келгені ақиқат. Қазақ халқы патша отаршыларды күштеп танғандықтан бірде «қайсақ», енді бірде «қырғыз-қайсақ», «қырғыз» аталып, ұлттық намысы қорланып, екі ғасырдай уақыт бойы тарихи шын атауынан айырылып келді. XIX ғасырда қазақ халқының тарихы, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі және халық ауыз әдебиеті хақында арнайы еңбек жазған орыс зерттеуші-ғалымы, белгілі мемлекет қайраткері, көрнекті тарихшы А.Левшин қазақтар туралы «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордалары мен далаларының сипаттамасы» деген үш бөлімді кітабын 1832 жылы жариялаған. Ғалым «қазақ» деген атауға ғылыми тұрғыдан әділ анықтама береді. «Еуропада «қырғыз-қайсақ» деп бір ұлтқа орынсыз таңылған атауға тарихи сипаттама бермес бұрын, олардың өзін-өзі де, тіпті орыстардан басқа ешбір көршілері де олай атамайтынын бірінші кезекте ескерте кетуді өзіміздің парызымыз деп білеміз» деп жазды ол. — Бұл атау қырғыз және қайсақ деген екі сөзден тұрады. Ал мұның алдыңғысы қырғыз — қазаққа қатысы жоқ... Қайсақ сөзі болса, қазақтың бұрмаланған аты. Ал қазақтар атауы кейбір шығыс жазушылары айғақтап отырғанындай, Христың туғанынан бұрын қалыптасқан көне есім, — деді.

Басқосуда Түркия Республикасының Ескишехир Османгази университетінің

оқытушысы Метин Эрдоған екі ел арасындағы білім және ғылым саласындағы өзара ынтымақтастық бағыттарына тоқталды. Олан кейін Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаментінің директоры, тарих ғылымдарының кандидаты Қайрат Анарбаев этносаралық диалог мәдениетін қалыптастырудағы жастардың рөлі мен халық даналығының тәрбиелік мәні жөнінде ой қозғайды.

— Қай кезеңде болмасын кез келген халықтың дамуы мен өркендеуінде қоғамдағы ақсақалдар институты маңызды рөл атқарған және солай бола да береді. Ақсақалдар институты халықтың даналық ойларының қайнар көзі саналады. Олай болса жастар тәрбиесінде бұл институттың осы қырын үнемі есте ұстағанымыз жөн. Халықтың даналық ойларынан дән іздеген кез келген адам өзге тәуісістік пен келісімге бағытталған қанағатты сөздер мен оймақтай ой арқылы терең тәрбиеге бағыттайтын мақал-мәтелдерді кездестіреді. Енді осыларды жастар арасында күнделікті қолдану, отбасы, қоғам, ардагерлер тарапынан шешен тілмен жеткізілуі өзекті мәселе. Олардың түрлі тілдерде түрліше дыбысталғаны болмаса, айтар мазмұны мен сабағында ортақ тұстар өте көп. Міне осы ортақ құндылықтарды жастарға түсіндіру мен солар арқылы тәрбиені қолға алу қажетті дүние, — деді Қ.Анарбаев.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Ғабит Тұяқбаев «Қызылорданың астана кезеңі және қазақ зиялылары» тақырыбында баяндама жасап, Сыр өңірінде еңбек еткен Алаш арыстарының ұлт тарихындағы орны мен қызметін жан-жақты саралады.

Конференция жұмысына Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ректоры Бейбітқұл Кәрімова қатысып, өңір дамуына университет ғалымдарының қосып отырған үлесі туралы айты.

Жиын соңында қатысушылар Қызылорданың астана мәртебесін иеленген кезеңіндегі тарихи шешімдер мен сол дәуірдің тағылымды тәжірибесін зерделеудің маңызын атап өтіп, алдағы Ұлттық құрылтайдың Қызылордада өткізілуін ел бірлігі мен рухани жаңғыру жолындағы маңызды қадам деп бағалады.

— Тарихты білу — өткенмен өмір сүру емес, одан тағылым алып, келешекке нық қамас жасау. Сыр бойы — елдіктің, бірліктің, мәдениет пен өркениеттің ордасы. Бүгінгі конференция соның дәлелі, — деп түйіндеді М.Шермағанбет.

Айсауле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»



«ДАМУ» ӨРЛЕУТЕ ЖОЛ АШТЫ



Өңірде 2010-2024 жылдар аралығында мемлекеттен қолдау алған кәсіпкерлер 11,3 мың жаңа жұмыс орнын ашып, бюджетке 537 млрд теңге салық төлеген. Жаңа жұмыс көзінің көптеп ашылуы нәтижесінде қаншама адам екі қолға бір күрек тапты. Кәсіпкерлерге ұсынылған тиімді мүмкіндіктің арқасында олар ісін дамытып қана қоймай, өнімін шетелдік нарыққа да шығарып келеді.

— Біз бұған дейін пайыздық мөлшерлемелерді субсидияласақ, енді кепілдік және жеңіл несие беруді басым бағыт етіп ұстандық. Биыл маусым айынан бастап «Даму» қоры «Өрлеу» атты жеңілдікпен несиелеу бағдарламасын іске қосты. Бұл құрал пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялаудың баламасына айналып, кәсіпкерлердің кідірісіз қаржы алуына мүмкіндік береді. Бағдарлама экономиканың басым салалары — өңдеу өнеркәсібі, көлік және логистика, туризм, денсаулық сақтау мен білім беру салаларына жеңілдетілген несие беру арқылы кәсіпкерлерді ынталандыруға бағытталған. Оның шарты оңтайлы, 12,6 пайыздық мөлшерлемесі қарыздың бүкіл мерзімінде өзгермейді. Ең ұзақ мерзімі 10 жыл. Сондай-ақ кепілдік беру құралы бойынша биыл Мемлекет басшысының тапсырмасымен 7 млрд теңгеге дейінгі және 7 млрд теңгеден жоғары несиені қажет ететін жобалар үшін екі жаңа кепілдік қоры іске қосылды. Енді кәсіпкерлер кепілзат жеткіліксіз болған жағдайда «Даму» қоры 7 млрд теңгеге дейінгі жобаларға кепілдікті өте қысқа мерзімде небәрі 2 жұмыс күні ішінде береді. Бұл портфельдік кепілдендірудің арқасында мүмкін болып отыр. Кепілдік несиеге, лизинг мәмілелерін және келісімшарттарды орындауға, несие сомасының 85%-на дейін беріледі. Бұл кепілдік сомасы 3,5 млрд теңгеден аспайды. Екіншісі — 7 млрд теңгеден жоғары несиені қажет ететін ірі жобалар. Бұл жерде жобалар зерттеледі, қарастырылады. Бағдарламалар өзінің жемісін беруде. Мәселен, «Өрлеу» бағдарламасы бас-талған уақыттан бері облыста 1,9 млрд теңгенің 19 жобасы қолдау тапты. Ал бірінші кепілдік қоры аясында 30 жоба мақұлданды. Бұл бағдарламалар жайында халық енді біліп, пайдалануда. Сондықтан кеңінен насихатталуы керек, — дейді филиал директоры.

Сондай-ақ Айдоус Әмірқұлұлы «Даму» қорынан қолдау алған жергілікті тауар өндіруші кәсіпкерлердің өнімдері қойылған бұрышпен таныстырды.

ШАРУАШЫЛЫҚТАРДЫ ТҮЙАЙТҚЫШПЕН ҚАМТИТЫН СЕРІКТЕСТІК

Одан әрі Жалағаш ауданындағы «Агрохимсервис-С» ЖШС зауытына бардық. Жалпы серіктестік өңірдегі күріш шаруашылықтарын минералды тыңайтқыштармен (аммоний сульфаты) қамтамасыз етеді. Құрамында азот бар құрамаларды өңдейді. Зауыт сағатына 10 тоннаға дейін түйіршіктелген тыңайтқыш шығарады. Өндірістік базасы заманауи технологиялармен жабдықталған. Онда дайын өнімді сақтауға арналған қоймалар, екі теміржол түйығы, тиеу-түсіру техникасы мен теміржол таразысы бар. Қазір облыстағы шаруашылықтардың 80-90 пайызын тыңайтқышпен қамтып отыр. Шаруалар өнімді тікелей зауыт басынан алып кетуде.

1-бет



Қаржы директоры Валентина Ким мемлекеттік жеңілдіктің, соның ішінде «Даму» қорының қолдауының арқасында істері алға жылжып келе жатқанын жеткізді.

— Тыңайтқыш — өсімдіктердің топырақтан қоректенуін жақсарту үшін қолданылатын органикалық және минералдық заттар. Оны дұрыс пайдаланғанда дақылдардың түсімі артады, өнім сапасы жақсарады. Осы ретте елімізде өсірілетін түрлі дақылдардан мол, тұрақты әрі сапалы өнім алуға агротехникалық шаралармен қатар, тыңайтуды дұрыс ұйымдастырудың маңызы зор. Сол себепті біз шаруашылыққа қажетті минералды тыңайтқыштар өндірумен айналысып отырмыз. Зауыт тоқтаусыз жұмыс істейді. Қазір мұнда 25 адам еңбек етеді. Шикізат Ресейден келеді. Құрылғының бәрі де — Қытайдан әкелінген жаңа технологиялар. Өнімге сұраныс жоғары. Қазіргі таңда өзге өңірлерге де өткізуге әрекет жасап жатырмыз, — дейді ол.

Зауытта жұмысшылар үшін барлық жағдай жасалған. Екі жылдан бері еңбек етіп келе жатқан Бекмұрат Жетібаевтың мамандығы механик. Ол қапталған тыңайтқышты өлшеп тұрады. Айтуынша бір қапқа 1 тонна тыңайтқыш салынады. Таразы автоматтандырылған. Салынып жатқан өнім салмағы бір тоннаға жеткенде қап ажырайды. Әрі қарай келесі қапқа салына береді. Дайын өнім шағын жүк машиналары арқылы тасылып, қоймаға жиналады.

Биыл тамыз айында «Агрохимсервис-С» ЖШС «Даму» қорының «Өрлеу» жеңілдікпен несиелеу бағдарламасы аясында «Қазақстан Халық банкі» АҚ-нан несие алды. Бағдарлама аясында кәсіпкер 12,6 пайызбен тиімді несиеге қол жеткізіп, шаруасын дамытуда. Бұдан бөлек, серіктестік қор ұсынған мүмкіндіктерді тұрақты пайдаланып келеді.

ЖОЛАУШЫ ВАГОНДАРЫ ӨЗІМІЗДЕ ЖӨНДЕЛМЕК

Келесі нысан өңірдегі теміржол жолаушылар тасымалы саласындағы жетекші кәсіпорындардың бірі атанған «Марал-Нұр» ЖШС болды. Компания 2005 жылдан бері ел аумағында



әлеуметтік маңызы бар бағыттар бойынша қызмет көрсетіп келеді. Бүгінде 20 жылдық тәжірибесі бар кәсіпорын «Қызылорда-Павлодар» және «Жезқазған-Астана» бағыт-



тарындағы қалаларлық тасымалды қамтамасыз етіп келеді. Қызмет аясын кеңейту мақсатында «Жолаушылар вагондарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету кешені» «Цифрлық депо» инвестициялық жобасын жүзеге асырды. Жобаның жалпы құны 5,4 млрд теңге, оның 2,2 млрд теңгесі «Даму» қорының «Бірыңғай кешенді бағдарлама» аясында пайыздық мөлшерлемені субсидиялауы арқылы «Қазақстан Халық банкі» АҚ-дан қаржыландырылды. Мемлекеттік қолдау нәтижесінде несие мөлшерлемесі жылдық 8 пайызға дейін төмендетілді. Компания 500-ден астам жолаушылар вагонына техникалық қызмет көрсетіп, жөндеу жұмыстарын жүргізу мүмкіндігіне ие болды.



«Марал-Нұр» ЖШС директорының орынбасары Олжас Өткелбаев мұндағы атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

— Қазіргі ең маңызды мәселе — жолаушылар вагондарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету. Елімізде жолаушылар вагоны көп болғанымен, жөндеу орны аз. Сондықтан біз 2020 жылы осы жобаны қолға алдық. Құрылыс мемлекет тарапынан қолдауға ие болып, қаражатқа құрал-жабдықтар алынды. Бүгінде мұнда 80-нен астам техника әкелініп, орнатылды. Құрылыс толық аяқталды. Жыл аяғында іске қосыламыз. Бүгінде дайындық жұмыстары қызу. Жоба бойынша 100-ден астам адам жұмыспен қамтылады, — деді ол.

Ал серіктестік директорының кеңесшісі Әбдімәулен Әлішев заманауи «Цифрлық депо» кешенінің маңызына тоқталды. Бұл — жолаушылар вагондарын жөндеу мен техникалық қызмет көрсетуді жаңа деңгейге көтеруге бағытталған тың бастама. Ерекшелігі, жөндеу процесінің барлығы цифрлық басқару жүйесі арқылы жүзеге асады. Қызмет сапасын арттырумен қатар, уақыт пен шығынды үнемдеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ ол осындай жемісті жобаның тиімді жүзеге асуына қолдау білдірген «Даму» қоры екенін айтты.

— Қазіргі таңда екі пойыз, 59 вагонымыз бар. Осы кезге дейін вагондарымызды сыртта жөндегіп келдік. Бұл тиімсіз болды. Сол себепті заманауи депоны іске қосып жатырмыз. Құрал-жабдықтар орнына қойылып, енді жұмысшылармен қамтамасыз етуге кірістік. Іске қосылған кезде жылына 500-ден астам вагонды жөндеп шығатын боламыз. Бұл «Марал-Нұр» мекемесіне экономикалық

жағынан да, сапасы жағынан да тиімді болады. Себебі жолаушылар вагонына кез келген техникалық жөндеуді жасай аламыз, — дейді ол.

ЖАЙЛЫ ЖАТАҚХАНА

Одан әрі «Іңкәр-7» ЖШС жүзеге асырған әлеуметтік маңызы бар жобаның бірі қала орталығында орналасқан студенттерге арналған жатақханаға бардық. Жоба студенттерді жайлы тұрғын үймен қамтамасыз етуді және өңірдің білім беру инфрақұрылымын дамытуға көздейді. Былтыр серіктестік 200 орынға арналған жатақхананың құрылысын аяқтап жаңа оқу жылында пайдалануға берген.

Ғимарат заман талабына сай бой көтерген. Айналасы қоғалдандырылған, мұнтаздай таза. Өр бөлмеде 4 студенттен орналасқан. Қазір мұнда 207 тұрғын бар. Бәрі де Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің білім алушылары. Онда оқу бөлмесі, мейірбике бөлмесі, акт залы, асхана, кір жуатын, жуынатын орындар қарастырылған. Комендант Гүлсара Әбдіхалықова мұнда жастардың білім алуына, бос уақытын тиімді өткізуіне



барынша жағдай жасалғанын айтты.

Бұл жобаның да сәтті жүзеге асуына «Даму» қоры ықпал еткен. Соның арқасында жатақхана құрылысы уақытылы аяқталып, пайдалануға берілген.

Белсенді студенттің бірі Ақниет Жүнісбеков заманауи жатақхананың ашылғанына, оның тұрғыны болғанына қуанышты екенін жеткізді.



— Қармақшы ауданы Төретам кентінің тумасымын. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студентімін. Биыл 4-курста, дене шынықтыру мамандығында оқып жатырмын. Былтыр жатақхана ашылғанда орналасқан едім, ұнады. Осы оқу жылында қайта келдім. Мұнда студенттер үшін барлық мүмкіндік бар. Интернет желісіне қосылған. Түрлі іс-шараға белсенді қатысамыз. Бөлмеде сабақ оқитын орын, жеке асхана, жуынатын орын қарастырылған. Бағасы да тиімді, айына 12 мың теңге төлейміз, — дейді ол.

Кәсіпкерлікті ынталандыру ел экономикасының дамуына ықпал етеді. Мемлекет тарапынан қолдау көрсетудің нәтижесінде отандық тауарлар мен қызметтер өндірісі дамып, тұрғындар жұмыспен қамтылуда. Олар үшін «Даму» қорының қолдауы аса маңызды. Қордың несие бағдарламалары сан салалы көмек түрлерін ұсынып келеді. Міне, соның нәтижесінде бизнес өкілдері өнімін шығарып, отандық тауардың көлемін ұлғайтып отыр. Оған пресс тур барысында тағы да бір көз жеткіздік.

Түйгеніміз, кәсіпкерлік саласында қарқын бар, қолдау жылдан жылға

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»



Ғылыми еңбектері Орталық Азия мен Ресей ғалымдарының арасында мойындалған Тәкең Батыс Еуропаның, Азия және Африка елдерінің, КСРО-ның құрамында болған түркі халықтарының мәдениетін; ТМД елдерінің, қазақтың музыкалық фольклоры тарихын қатар қамтыды. Ұлттық музыкалық фольклордың зерттелуі, оның орта ғасырлар, хандық дәуір, XIX–XX ғасырлардағы көрінісіне арнап ғылыми-танымдық еңбектер жазып; көне музыка аспаптарының атауы, оның мән-мағынасы, шығу тарихынан бастап, қазақтың ән, күй, мақам, саз, сарын, сарнауында ұшырасатын ішкі-сыртқы ерекшеліктерді зерттеді. Сөйтіп, қазақ әдебиеті мен фольклорының өзекті мәселелеріне қатысты тамаша туындылар берді.

Өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған, үнемі жадын жаңартып отыруды әдетке айналдырған ғалым қаһармандық эпостың этникалық сипатын зерттеу арқылы фольклортануда төңкеріс жасады. Әрине, ғылымда біртекті әдіснама (методология) болған емес, болмайды да. Мұның ішкі өрім мәні, қай ғалымның болсын, таңдаған бағытымен байланысты. Кеңес Одағы тұсында қазақтың көптеген эпикалық мұралары жүйеге жат құбылыс есебінде ғылыми айналымнан шеттетілгені белгілі. Осылайша, империялық пиғылдағы идеология бұратана болып саналған ұлттардың рухани мұрасының дамуына түрлі тежеулер қойып отырды.

Тәуелсіздік алған соң да этнофольклортануда айтарлықтай теориялық, әдіснамалық жаңалықтар көрініс таба қойған жоқ. Күні бүгінге дейін жүйеге бағындырылған ғылымның шалыс өресі толық шешілмеді. Әрине, ол кезде қаһармандық эпостың этникалық сипатын сөз ету мүмкін емес болатын. Мүмкіндік азаттық алғаннан кейін туды. Кезегі келген кезеңді пайдаланып, бір заманда ұлттың қанжығада кеткен ессенін қайтару жолында жұмыс жүргізген профессор Т. Қоңыратбайдың бұл тараптағы еңбегі ересен.

Талайғы түйіндерді тарқатқан

Тамырын тануға түрткі болатын идеялық құралдың қай түрінен болсын қаймығып, кеңестік идеологияға қауіп төндіріп алудан қорыққандар мақсатты жолында ештендеген тайынбапты. Иә, олар ғылым, біліммен қаруланған ұлттың қуат-қарымы мен мінез-арыны төл тарихын тану арқылы күш алып кеткен күні бұқарадан келетін қауіптің зор екенін білді. Содан соң басталды тұқырту мен құқайдың небір түрі. Мұның зардабын алып империяның қанатының қалқасында болған тағдырлас, одақтас елдер түгел тартты. Ақыры, жаппай қуғын-сүргінге ұласқан науқанға қарсының басы гильотиноға түсіп, тағдырлары «Прокурст төсегіне» таңылды. Сөйтіп, ұлтты сүттің бетіне шыққан үлпікерлерінен айырып, айта қонетін, айдаса жүретін, жүнделуі жеңіл «жуас түйеге» айналдыру науқаны жүріп жатты. 1944 жылғы КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалы ашылып, эпостық жырлар зерттеліп, зерделене бастаған. Араға үш жыл салып, «Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы өрескел саяси қателіктер туралы» деген қаулы шығып, әдебиет пен фольклор мәселелеріне терең бойлаған ғалымдар жаппай қудалана бастады. Тап осы кезде Ө. Қоңыратбаев Алматыдан Қызылордаға жер аударылып, М. Әуезов Мәскеуді паналап, жан сақтады. Ақыры кеңестік Ресейдің қол астындағы елдердің ғылыми толық саясишланып, «түрі ұлттық, мазмұны саясиштістік» дүбара дүбір басталды да кетті.

Арада жарты ғасырдан астам уақыт өткенде сол ансамбль күн ақыры туды. 2002 жылғы 26 сәуірде Алматыда, М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының докторлық дәреже беретін «Диссертациялық кеңесінің» отырысында ерекше ғылыми жұмыс қорғалды. Жасыратыны жоқ, қорғау түрлі деңгейдегі ашық әрі жабық қарсылықтарға тап келді. Әрине, бұл күнде

ТЫҢҢҒА ТҮРЕН

бәлду-бәлду бәрі өтірік. Тіпті, ләм-мим деместен, қалыс қалғандар да болды. Осыншама қарсылықтың сыры не деп ойлайсыз? Барлық түйткіл сол уақытқа дейін ешкімнің ойына келмеген, келсе де тісі батпаған «Қазақ эпосының этникалық сипаты» деген тосын тақырыпта болса да өзі білсін. Бастысы, ұлтқа олжа салғалы тұрған жауһар жаңалықты институттың сол кездегі басшысы, академик С. Қасқабасов көріп, іні буынның жолындағы барлық кедергі есіктерді айқара ашып тастады. Сөйтіп, алғышарт нышаны тым әріде, тіпті қазақ-кеңес ғылыми дәуірлеген кезде болған қаһармандық эпостың этникалық сипатына қатысты өзекті тақырып, күрт өзгерістерге бастаған

”

«Бұл ғылыми пікірталаста тартысқа түскен екі академик қана емес, екі түрлі ғылыми бағыт, екі түрлі таным жүйесі».

күрделі мәселе күн тәртібіне шықты.

Фольклортану ғылымын әуелі мифологиялық, тарихи мектептерге бөліп, арқауын поэтикалық, типологиялық танымнан таркататын ағымдар мен зерттеу тәсілдері бұрыннан белгілі. Өкініштісі, абсолютті ғылыми таным тәркі етіліп, ғалымдар саясаттың қолшоқпарына айналып, Орталық партия комитеті белгілеп берген шеңбердің аясынан шығып, «эпостық жырлардан тарихи шындық іздейтін ғылыми бағыт» өкілдерін тұншықтырып, ғасырға жуық өмір сүрген тарихи мектептің жетістіктері мансұқтала бастады. Әйтпесе, қаһармандық эпостың тарихилығына ден қойған ғалымдар қай кезде де болды. Қалай десек те, саяси тіміскі 1950 жылдардың орта тұсында одан әрі жалғасып, кеңес жүйесіндегі елдерге рухани мұрасын еркін зерттеуге тиым салынды. Бұл кезде эпостану саласының мәтінтану мәселелерін, жанрлық, кезеңдік ерекшелігін, салыстырмалы-типологиялық, құрылымдық сипатын сөз ету белең ала бастаған. Бірақ, мәністі түбегейлі түсінген ғалымдар тобы зерттеудің мұндай жеміссіз тәсіліне жан-жақты қарсылық білдіріп жатты.

Бұрынғай саясаттың ықпалындағы ғылыми мекемелер оларға мән бермеген болып, жұмысқы әрекеттерін астыртын жүргізіп отыра берді. Алапат айтқастың басында «қаһармандық эпос тарихи оқиғалардың ізімен тұмайды, ол бір елдің ой-арманы мен мұң-мұқтажын білдіреді» деген қағидаға иілген поэтикалық танымның көрнекті өкілі В. Пропп тұрды. XX ғасырдың екінші жартысында кеңестік жүйедегі Ресей ғалымдары арасында дау тудырған қос академик В. Пропп пен Б. Рыбаковтың бұл итырқылы ұзаққа созылды. Ғалымдар қак жарылып, екі түрлі бағытты жақтады. Ал В. Пропп үкімет пен партияға арқа сүйеді. Иә, сыйынғанынан сүйенгені мықты бола-ғасын сол екен ғой. Ақыры кеңестік саясаттың ықпалындағы В. Пропп жасаған әдіс-тәсілді жақтаған, ғылыми жұмыстарын сол бағытта қорғап, эпостың көркемдік ерекшелігін ұлықтаған ғылыми топтың еңбектері шеру тартты. Профессор Т. Қоңыратбайдың сөзімен айтқанда: «Бұл ғылыми пікірталаста тартысқа түскен екі академик қана емес, екі түрлі ғылыми бағыт, екі түрлі таным жүйесі» болатын. Әрине, бірінші ақиқатын екіншісі әдейі мойындағысы келмеген мұндай асқынған пенделік пиғыл — моральдық супер-эго араласқан жүйеден алдымен ғылым зардап шекті.

Қаһармандық эпостың этникалық сипатына айғақ материалдардың мол болуына қарамастан, көп жылға тізгін

қылы эпостың тарихилығын, тарихи поэтика мәселесін қанша қарастырғанымен ғылыми танымның талабын қанағаттандыру мүмкін емес екенін білген Т. Қоңыратбай «эпостың этникалық сипаты мен тарихилығы мәселелері бір еместігіне» көз жеткізді. Мұның алғашқысы «қаһармандық жырларда аталатын тайпалардың этникалық үдеріспен байланысын таразылайды». Ғылымдағы абсолютті ақиқат үшін керегі де — осы! Сөз жоқ, бұл этникалық мәліметтерді «тарихи дерек, құжаттардан қарастырып, тарихи түптілға іздеуден» әлдеқайда күрделі мәселе. Оның зерттеулерінің басты ерекшелігі: «этникалық сипат-

тың таным теориясы тұрғысынан қарастырылуында».

Тарихи ономастика ғылымы ізерлейтін этноним, антропоним, топоним, гидроним, оронимдік атаулардың ру мен тайпа тарихын зерттеуде атқаратын қызметі мен маңызы ерекше. Осы уақытқа дейін поэтикалық жүйенің тасасында қалып келгенімен,

”

«Ғалымдар үшін — ғалымдар, көпшілік үшін — білімділер жазады».


аталмыш атаулардың қаһармандық эпос құрамында ұшырасуы тұрақты, өзгеріске түсу үдерісі сирек. Сол себепті «ономастикалық атаулардың этникалық арқауы анықталмайынша, эпостың тарихилығын сөз ету нәтиже бермейді». Қайсы бір қаһармандық эпостың болсын, этникалық сипатқа тұнып тұрғанын ескерсек, «ондағы жалпы және жалқы есімдерді, тайпалар мен жер-су атауларын зерттеудің маңызы арта түспек». Төл тарихтың ұяшығы тап осы түйткілде тұрғанына қарамастан, қаһармандық жырлардың асыл арқауы осы уақытқа дейін неліктен зерттеу нысанына айналып келген.

Мұның жауабын ғалым екі себеппен түсіндіреді. Біріншіден, қазақ ғылымы, негізінен, кеңестік Ресей зерттеушілері қалыптастырған әдіснамалық ізденістер ізінде һәм тікелей солардың ықпалында болды. Қазақ сол қолдан құйылған қалыптан шыға алмайды емес, шығармады. Өлі күнге дейін поэтика мен типологияны айналыштықтай беретініміз сондықтан болса керек. Екіншіден, эпостағы этникалық мәліметтерді еркін зерттеуге кеңестік саясат жол бермеді. Оған қоса, орыстың былиналарынан катойконимдер (қала, елді мекен тұрғындарының атауы. Мысалы: киевлян, новгородец, волыняне. — Авт.) болмаса, эпикалық мәлімет нышанын табу қиын. Сондықтан кеңестік Ресейде бұл мәселенің арнайы қарастырылмағаны өз алдына, тақырыпты еркін ғылыми айналымға түсіруге де ықылас танытылған жоқ. Жауы ашымастың қасында басың ауырасың. «Біреудің жоғын біреу өн салып жүріп іздейді» дейтін бе еді? Тап соның кері, «аға» санаған жұртың «ініге» жасаған кесірілігінің түрі осындай.

Ұлттың жоғын бүтіндеу жолында ерекше міндет арқалаған Т. Қоңыратбай қаһармандық эпостағы түрлі атаулардың (кісі есімі, жер, су, орман, тоғай, өзен, көл, бел, белес т. б.) «этникалық үдеріспен сабақтастығы, тұрақтылығы, өзгермелілігі, этимо-

логиясы, семантикасы» секілді қадау нәрселерді анықтап, белгісін бекіту үшін поэтика мен тарихилық жайындағы ғылыми пікірлерді саралай келе, бұрын кездеспеген тосын мәселелердің өзегіне үңілді. Сөйтіп, «Қорқыт ата кітабындағы» этникалық үдеріс көріністері мен Қорқыттың тарихи тұлғасына қатысты деректерді сұрыптап; «Алпамыс» батыр жырының этникалық сипатын ономастикалық атаулар мен этногеографиялық қозғалыс көріністері

Ұлттық музыкалық фольклор мен этнофольклортануға тел маманданып, этнография, этнология, этникалық тарих, этнолингвистика ғылымдарының жетістіктерін қатар ұштастырған; түбегейлі зерттеу нысаны болмаған тарихи ономастика тақырыбын қаузап, қаһармандық эпостың этникалық, яғни тайпалық сипатын айқындау арқылы тыңға түрен түсірген филология ғылымдарының докторы, профессор Тынысбек Қоңыратбай әрісі Алашқа, берісі күллі қазаққа мәшһүр әулетте дүниеге келді.



негізінде қарастырып; «Қобыланды батыр» жырындағы ономастикалық атаулардың этникалық сипатын саралап, эпикалық дәстүр мен этникалық үдерістің сабақтастығын ашып көрсетті. Осылайша, қаһармандық эпос құбылысын саралай келе, оның таным табиғатына тоқталды. Содан соң қаһармандық эпостың этникалық сипатын ғылыми мәселе ретінде тұнғыш зерттеу арқылы ерекше әдіснама ұсынып, этникалық үдерістің сәуеленуін саралап, эпикалық дәстүрдің этникалық ерекшелікке негізделетінін дәлелдеп, қаһармандық эпосты этникалық дереккөз есебінде бағалап, жалпақ жұртқа эпостың танымдық табиғатын айқындап берді.

Әрине, эпостағы этникалық мәлімет атаулының ғылыми-теориялық арқауы болуы міндетті. Алайда, фольклортануда «Қаһармандық эпостың танымдық мүмкіндіктерін зерттеудің теориялық негіздері арнайы қарастырылмаған» болса ше? Мұның түпнегізін ол антикалық дәуірдің ғұламалары мен ағартушы ғалымдардың еңбектерінен шығарып, теориялық түбір «солардың еңбектерінен бастау алатынын» дәлелдеді. Сөйтіп, түрлі ғылымның жетістіктерін біріктіре келе, көкжиекті өзіне күрмеді. Кеңестік академиялық бағыттардың олқы тұсы: теориялық арқаудың ақаулығында емес, дүниәуи көзқарастар арасындағы

бірде этноним, кейде эпоним түрінде де кездесетінін көрсетеді. Сөйтіп, оның, яғни Мамаш этнонимінің нақты, кәділгі кісі есіміне — антропонимге айналу үдерісін түсіндірудегі этникалық негізі бір фонетикалық жүйедегі жалқы есім емес, этноним аясында туған атау екені жөніндегі пікірін дәлелді бекітеді. Рас, ғалымның мұндай пайымдары оның ғылыми ұстанымынан бейхабар оқырманның қабылдауына айтарлықтай ауырлық келтіреді. Сол үшін ғалымның еңбектерін, оның арқауындағы әдіснама жүйесін түсініп, айтарын аңдау кімнен болсын, біршама ақпараттық дайындықты қажет етеді.

Жалпы, Т. Қоңыратбай этнофольклортану ғылымындағы тарихи-географиялық ұғымдарды бұрыннан қалыптасып қалған таптаурын үлгілерден аршып алып, қозғалмайтын табиғи және қозғалмалы қалыпқа бейім тарихи өзгеру — трансформация мен мағыналық тұтастыққа — семантикалық синкретизмге бейім белестерін этникалық шекарасын ажырата отырып, оның ауқымын бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде ұлғайтып жіберген. Ғалымның білім-білігі, эпикалық-музыкалық материалдарды қорыта білудегі ерекше қасиеті мен қарым-қабілетінің теориялық өзегіндегі мән осы жерде ерекше байқалады. Кейде, оқып отырып, күдіктеніп те қаласын. Әрине, абсолютті ақиқат араласар тұста көңілге күмән ұялауы заңды. Түрлі болжамдар арқылы «әрі тарт, бері отыр» ойдың шырмауында қалып, ақыры жалпақ түркіге ортақ эпикалық мұраларды нақты бір этностың меншіктеп, иелене бастауына қатысты айтқан классикалық тұжырымдамасы тұсында санадағы соған дейінгі түрлі күмән мен күдіктер киіліккен арпалыстардың ізі су сепкендей басылды. Ол қазіргі Өзбекстанның Сұрхандария облысы аймағынан аса қоймаған Жиделі Байсын ландшафттық-тарихи топонимдік атауы «қонырат елінің атамекені емес, кейінгі қонысы» екенін дәлелдепті. Ал дәлел-дәйегі ешкімді тырп еткізбестей. Міне, өзіңіз оқып көріңіз. Ғалымдар межелейтін Қытай-Монғолия жеріндегі Утқұх — Ұлы Қытай қорғаны емес, кезінде Цин әулеті монғолмен шектес жерге салған «жаңа қабырға» (А. Семенова), байырғы қонырат тайпасының жері (А. Березин) екенін айта келіп Байсын, Монғол, Қытай жерінің шегінде монғол, түрік, таңғұт тайпалары мекендегенін дәлелдеп; үйсін мен қытайдың тартып алғанымен, кейін хұндар қайтарған Бэй-Шань оронимі — таулы жер бедері мен Байсын арасынан байланыс табады.

Шыңғыс қаған мен ойраттың қысымымен хұн жұрты Бастысқа қарай ығысқанда иесіз қалған Бэй-Шань — бүгінгі Жиделі Байсындын ежелгі атауы, қонырат елінің атамекені; ал «қонырат елінің тағдыр талайын баяндайтын» жырдың «арқауы Бэй-Шань» тауларында тартылып, кейінгі нұсқалары Мауереннаһр шегіндегі қос өзен бойындағы Байсын жерінде жасалуы мүмкін екен. Шірікін, қиюын тауып, қиыстырып, ғылыми жүйеге сыйыстырып жіберуі ғажап емес пе?! Мүмкін, егер этнотарих пен этногеографияның тінін тарқатып, қай нәрсені де бұра тартпай, абсолютті ақиқатқа сай негіздей алсаң неге мүмкін болмасын. Әрине, бұл болжамға Жиделі Байсын қаймағының географиялық шегіне қатысты айтылып жүрген өзге пікірлер кесе көлденең тұра алмасы анық. Өйткені, ғалым бұл аймақтарды аталмыш топонимдік атаудың аясында қарастырады. Сөйтіп, Алтайдағы ақ таулардан (Бэй-шань) басталып, Сырдария мен Әмударияның ортаңғы, төменгі ағыстарына дейінгі байтақ

Сыр бойы

№154-155 (21030-21031) 11 қазан, сенбі 2025 жыл

даланы қамтыған, айтушы эпик жыр-шылардың білім деңгейіне сай ой-коним (кала), гидроним (көл), ороним (тау) болып құбылатын Жиделі Бай-сын — мезгіл-мекендік таным тұрғы-сынан «қоңырат тайпасының орта-азиялық кезеңінде пайда болған атау»; «жиделі» түбірің жырға эпос айту-шылар енгізгенін, жалпы атаудың жырдың сатылық сипатына қайшы келмейтігін өз алдына, бұл аңыз емес, керісінше, географиялық шегі айқын нақты ел мен жердің атауы екенін не-гіздейді. Оқып отырып, ғалымның өзі қайталай беруге бейім абсолютті ақиқат баска емес, тап осы төңіректе екеніне иланасың.

Толық әрі жүйелі еместігіне кара-май, жырдың арқауына іліккен еміс-еміс тарихи деректерді ғылыми арна аясында игеріп, екшеп, елеп, нақты айғақ, дерексөздік сипатын сара-лап беріп отыратын ғалымның қай мәліметтің де географиялық, этни-калық тегін қаһармандық эпос заңды-лықтарына сай айқындауы ерекше. Түпкі мақсатқа сай эпостан түрлі сипат (поэтикалық, типологиялық, тарихи, этникалық) іздей беруге бо-лады, әрине. Бірақ сол бөлек-салақ ру-дименттерді этникалық сипат аясын-да негіздер болсақ, қаһармандық эпос тірі ағза ретінде өзінің қосалқы бөл-шектерін тауып, көз алдында қайта тіріліп, жанданған болар еді. Иә, ол ең

жатқанына біраз болды. Бірақ, қанша жерден орайын тауып, дәлелін кел-тіріп жазса да қадамы ілгерілеген қор-қыттану ғылымы байқалмайды. Осы жылдар ішінде ғалым «Қорқыт ата кітабының» көркемдік-поэтикалық арнасы тарихи, этнографиялық, этни-калық үрдіс аясында қарастырылу кер-ектігін айтудан таңған емес.

Түркітану ғылымында Қорқыттың жырларына қатысты жазылған сансыз мақалалар мен зерттеулердің дені жырдың дрездендік және ватикандық нұсқаларындағы нақты деректемелер аясында ой қорытқан. Ал, Т. Қоңы-ратбайдың тәмсілі Қорқытқа қатысты жыр үлгілерінен көрініс тапқан оғыз елінің этногеографиялық шегіне қа-тысты негізгі мәселенің бірінен бастау алып, оған телініп жүрген музыкалық мұра мен аңыз-эпсаналарға орай біраз тарихты тербейді. Ғалым Қорқыттың жырларына көптеген ономастикалық атаулардың түспей қалуына кара-мастан, кейбір сюжеттердің Сыр бо-йында туғанына күмән туғызбайды. Сырда туып, Кавказда аяқталған жыр сюжеттері өз алдына. Осылайша, оғыз эпосына Сырдың төменгі ағысы мен Кавказ жеріндегі этникалық үдеріс көріністері арқау болғанын дәлелдей түседі. Бұл ерекше ден қоярлық нәрсе. Жалпы, «Қорқыт ата кітабы» және оның танымдық табиғаты дегенде мә-селенің осы жағы күйттелуі тиіс.

екеуі — аңыз-эпсаналар мен Сыр бо-йында жасаған Нышан әзден жазып алынған бақсы сарнаулары жайында күдік-күмәнін ортаға салады.

Әрідегі мифтік, берідегі тарихи сананы салғастыру арқылы Қорқыттың тарихи тегін ғылыми талғам негізінде тиянақтай келе, қазіргі көптің көзі мен құлқы үйренген Қорқыт қобыз шалған күйші емес, «қолша қобызбен» жыр айтқан ұзан екенін айтады. Оғыздардың музыкалық аспабы қобыз жайында сөз қозғаған Махмұд Қашқаридың ол жайында тіс жармауына қатысты: «Қашқаридың заманында Қорқыт есімі түркі әлеміне таныс болмаған», — деген тосын байлам жасайды. Демек, біз білетін Қорқыт кейінгі дәуірдің өкілі болғаны ғой. Әрине, мұндай байламмен келіспейтіндер болуы мүмкін. Ол үшін алдымен Гегельдің диалектикасындағы терістеу заңын міндетті түрде «теріске шығару» қажет. Десе де, ғалымның: «Қорқыттың эпи-калық бейнесі IX–X ғасырлардағы Сырдың төменгі ағысындағы этни-калық үдеріске негізделіп, шығыс оғыздарының ортасында қалыптас-қан», — деуі, сондай-ақ «Бұл кезеңдегі Қорқытқа ұзан, жырау, оғыз елінің данасы, ақылшысы деген анықтамалар тән», — дейтін қорытынды пікірі ақи-қат ауылынан алыс емес. Мұндағы Қорқытқа қатысты тағы бір тарихи таяныш, негізгі тіректің бірі: «Батыс-

күйлері кейін неге Қорқытқа телін-ген? Ғылыми негізі жоқ «Елім-ай» жинағындағы сарнаулардың Нышан тартқан түпнұсқамен сәйкес келмеуі, атауларының өзі Қорқыт заманы-мен үйлеспеуі неліктен? Ғалымның сөзімен айтқанда мұндай «подлог-тың» — жұртты жалғандық түйығына тіреудің жайы анау-мынау емес, Қорқытқа қатысты халықаралық кон-ференцияның көтерер жүгі болса керек?! Балкім, былайғы жұрттың көзі ғалым айтып жүрген ақиқаттарға сонда жетер. Әйтпесе, өтірігің бір шығып қалған соң, шырылдаған шыныдқа енді кімді, қалай сендірмексің?

Т. Қоңыратбай тал бойына этника-лық және эстетикалық сипаттарды тең артқан қазақтың музыка фольк-лоры тарихының жүйелі жазылмауы, арқауының зерттелмеуі, теориялық бұлақ көздерінің толымды аршыл-мауына орай өзекті ойларымен бөлісе келе, жоғары оқу орындарында му-зыкалық фольклордың стильдік-жанрлық ерекшеліктерін оқытудан бұрын, музыка мәдениетінің көне дә-уірлеріне байланысты тарихи мәсе-лелерге ден қойғанда ғана тарихи-танымдық деңгейді қалыптастыра алатынымызды айтады. Ғалым атап көрсеткендей, теориялық тіні төл мәдениеттің тәжірибесіне негізделуі тиіс зерттеулердің әдіс-тәсілдері этни-калық өзегі мығым ауызша, жазба-ша мұралар ортағасырлық музыка ғәқлияларында белерленген. Тіпті, олар «Батыс Еуропаның өзін екі ға-сырға кейін қалдырған» Орталық Азия халықтарына ортақ ғылыми-мә-дени мұра ретінде бағаланбайынша, Дәруіш Әли «қобыздың алғашқы шы-ғарушысы» Сұлтан Уәйіс деп көр-сететін жазба мәліметтерді эмпиризм тәсілімен Қорқытқа теліп, онысын ғылыми негіздеуге ынта танытпайтын қазақшылқтан аса алмасымыз анық.

Жалпы, музыкалық фольклордағы пішім, тіл, ырғақ, лад, интонация атаулының құрылымдық жүйесі көр-кем ой көрінісине қызмет етеді. Оның ғұрыптық, аспаптық, вокалдык арна-сындағы ерекшеліктер мен музыкалық-эпикалық тұтастығын сөз еткен Т. Қо-ңыратбай бүгінгі ғылыми әлеуеттің әлсіз тұстарына тоқталып, атқарулы тиіс жұмыстарды саралайды. Сөйтіп этнографиямен етене музыкалық фольклор үлгілерін алдымен салтқа байланысты және салттан тыс деп екі үлкен арнаға жіктеп, оның мазмұн құраушы халықтық, авторсыздық, нұсқалылық, дәстүрлілік, ауызекілік, көркемдік, тарихилық және тайпалық сипат тұзуші негізгі ерекшеліктері мен белгілерін атап көрсетеді. Әрине, мұның бөрінің қайта айналып келіп, тірелетін табалдырығы ретінде ойды музыкалық фольклордың эстетикалық сипаты (көркемдік-композициялық ерекшеліктері) мен этнографиялық қырына (тарихи-этникалық табиғаты) иілдіреді. Міне, осы екі арна тоғыс-қанда ғана тұтастық сипат өзін толық мағынасында ақтап шығатынын не-гіздеп, музыкалық фольклордағы типологиялық ерекшеліктер — та-қырыптық-мазмұндық, тарихи-әлеу-еттік, миграциялық, генетикалық сабақтастық тудыратын айырым-ерек-шеліктерді жіктеп, жіліктеп берді. Сөйтіп, халық ән-күйлерінің тарихи сипаты негізінде оның қазақ этноге-незінің қалыптасуына тигізген ықпалы анықталу керектігін еске салады.

Ғалым эпостануда қолданған әдіс-намалық қысындарын музыкалық фольклордың таным табиғатын ашып көрсетуге болатын өнімді әдіс-тәсіл ретінде де ұсынады. Әрине, мұның барлығы уақыт пен кеңістік аясында нақты тарихи жемісін бергенде ғана тәжірибелік сипаты өмірлік қағи-даларға айналатыны анық. Десе де, ғалымның ұсыныстары мен бұл та-раптағы таным жүйесі мүлдем соны екенін атап айту керек. Ол этно-фольклордың тұрақтылық сипаты ре-тінде этникалық ерекшелікке қоса, эпикалық-музыкалық мұраның алтын арқауы — мақам мен әнді атайды. Бұл тұрғыдан келгенде, жалпы, қа-зақтың музыкалық фольклорына қа-тысты қалыптасқан біраз пікірлерді қайта қарауға тура келеді. Сондай-ақ, эпикалық репертуардың тікелей әуенмен байланысы жайындағы пікірі эмпирикалық тәсілдің тасасында қал-ған ерекше сипат екеніне тәнті бола-сың. Мисалы, Сыр бойында өмір сүр-ген, жыр қоры таспаланып қалған эпик жыршылар ден қойып, жырламаған «Алпамыс», Қобыланды» сияқты қа-һармандық эпосты Сыр бойы мақам-саздарымен қайта орындатып, оны нотаға таңбалап, мәңгілендіру — ғы-лыми қағидаға қайшы. Әрине, мұны осындай қойыртыпакпен айналысып жүрген әуесқойлар сезінбеуі мүмкін. Өйткені, «білмеген у ішеді!» Ескіден шеру тартып келіп, ХХІ ғасырға иек артқан жергілікті, тұрақты мақамдарды ХІХ–ХХ ғасырларда өмір сүрген бергі дәуірдегі жырау, жыршыларға телу, солардың төл мақамы етіп көрсету — мүлдем қате түсінік. Ғалым осы айтылған жайттарға ұқсас мәселелерді басқа қырынан келііп толғайды.

Ал қазақтың музыка фольклорын-дағы үлкен екі арна — аспаптық дәстүр мен әдікайды марка жанр ретінде танылып жүрген, адам баласына әсер етуі мүмкін тіршілік тербелісіндегі құбылыс атаулының бәрін өзегіне арқау ететін ән әуендеріне, оның тұ-тастық сипатына байланысты; сол тұғыры тұрақты әнге кейін қосылып, дәуір өзгерген сайын айнаып, жаңарып, жаңғырып отыруға бейім мәтіндер; оны тарихи кезеңдер қатарынан бө-ліп алып, авторлық мұра есебінде қа-растыру әдіснамасының жайын сөз

ететін болсақ, онда бүгінгі ғылыми бағыт ұршығынан теріс айналып, қай арнаға түсіп кеткенін анықтай тү-суге тура келеді. Уақыт пен кеңістік аясында, әлеуметпен біге қайнасып өмір сүру үшін әнге тән үш белгі — уақиға, мазмұн, поэзиялық арқауды ұстап тұратын әуен мен жанрлық ерекшелікті түйіндейтін бір адамның бойындағы үш түрлі қасиетке қатысты ойлары да соны. Әрине, ғалым атап көрсететін мәтін мен әуен арасындағы кезеңдік және құрылымдық сипаттағы синхрондық және асинхрондық ерек-шеліктер, сондай-ақ дыбыс қатарына қатысты қалыптасқан терминдік жүй-ені тарқатып айту үшін бұл тақырып-ты өз алдына толғай түсу керек.

Ғалымның халық әндері, ертегілік әндер, бақсы сарындары, терме, жел-дірме әуені, тарихи, лирикалық әндер; кезеңдік сипатына қарай аэрофон, хордофон, идиофонды аспаптар қата-рынан екі топқа жіктелген музыкалық аспаптардың фольклорлық және ха-лықтық (музыкалық шығарма орын-дауға бейімделген) түрлеріне бай-ланысты жасаған тұжырымдары негізді. Мұның сыртында музыкалық аспаптардың ұқсастығын тарихи-типо-логиялық, тарихи-генетикалық тұр-ғыда тануға байланысты ұсынған екі түрлі жіктемесінің, соның аясында «... оларды этнография ғылымының та-лаптарына негіздеп, арханкалық, фольклорлық, халықтық, ұлттық деп жіктеген дұрыс» деген пайымы, сол аспаптардың құрылымынан туын-дайтын түп төркін — этимологиялық мән-мағынаға қатысты пікірлерінің аспаптануға қатысты ғылыми жүйені сақтай отырып, әлемдік жетістіктер деңгейіне көтерілу үшін көрсететін тәжірибелік, танымдық мәні жоғары.

Әрине, бұл айтылғандардың бәрін ортақ арнаға тоғыстыру үшін бір адамның бойына жиган тәжірибе мен менгерген ғылымының өзегінде кан-дай теориялық-танымдық жүйелер то-ғысуы керек екенін аңғарып отырған боларсыз. Сокпағы соны ғалымның бұл тараптағы түйінді ойлары аймақ-тық айырым ерекшелігі басым музы-калық әуендерді, тіпті әрісі, музика-лық фольклордың антикалық, берісі этникалық дәуірлерге тән ру-тайпалық ерекшеліктерін, ырғақтық қасиетін ескере отырып, музыкалық лексикология деңгейінде кешенді зерттеу нысанына айналдыру керек-тігі жайындағы ұсынысы ұлт болып ойланып, шешімге келу жолын тезде-тетін-ақ жайт. Әттен мұны түсінетін жүйе болса, әрине. Онсыз музыкалық фольклортану ғылымының ілгері жыл-жуы екіталай. Айтылғандардың бар-лығы күн тәртібіне қойылып, ғылыми айналымға түскенде ғана ұлттық көр-кемөнер тарихи санат деңгейіне кө-терілмек.

Сонымен, сөзді қорытып, ойды бі-рыңғайлайтын тұсқа да келіп жеткен сияқтымыз. Айтып өткеніміздей, қа-һармандық эпос қана емес, жалпы қазақ руханиятының этникалық си-патын сөз етіп, танымдық-теория-лық мәселелер мен ғылыми тұжырым-дамаларды әдіснамалық негізде игеріп, көзге түркендей етіп көрсетілген мәсе-лелерге тереңдей түскенде ғана белгілі бір нәтижеге қол жеткізеріміз анық. Ғалым қай кезде де «зерттеу ісі тарихи арқаудан басталып, тарихи танымға қайта орала беретінін» айта келіп, мұның астарынан тарихи танымның кезеңділігімен қоса, «ғылыми ойдың қашан да тарихи танымға тартыла беретінін» негіздейді. Өзі зерттеу ны-санына айналдырған қаһармандық эпос үлгілерінен «оғыз, қоңырат, қып-шақ тайпаларына тән этникалық сана іздері анық байқалатынын», олай болса, аталмыш әдіснаманы қазақтың музыкалық фольклорының қай түріне де пайдалануға болатынын мензеген сөзі ақиқат.

Бір-бірімен сабақтас үш түрлі эпостық жырды беттестіре салысты-рып, салғастырып, әр қырынан қарау арқылы қазақ емес, жалпы түркі тіл-ді тайпалардың қалыптасу, даму, өр-леу, ыдырау кезеңдерінен тарихи-этни-калық ақпарат алуға болатынын дәлелдеген Т. Қоңыратбайдың тұжы-рымдары ол ұсынған соны әдіснаманы берідегі этникалық сипат емес, әрідегі ру-танбадгенейінде зерделеу керектігін көрсетті. Әрине, ол үшін әуелі біздің ғылыми әлеует, содан соң қоғамдық-әлеуметтік деңгей бұл айтылғандарды дұрыс қабылдай алатын болуы шарт. Сондай-ақ, оғыз эпосындағы орталық бейне — Қорқыт антропонимі этни-калық негізде туып, түркі тектес тай-палардың санасынан мәңгі орын тепкен тарихи тұлға — этнофор; «Алпамыс» орта ғасырлардағы тари-хи-этникалық үрдістен хабар беретін қоңырат тайпасының тағдыр-ғалайына құрылған қаһармандық жыр; ал «Қобыланды» — қыпшаққа еншілі эпос екеніне қатысты қорытындылары этноэпостанудағы заманауи жетістік ретінде бағалануы шарт.

Осының бәрін негіздей келе, эпостық жырды таным теориясы тұрғысынан тең таразылау арқылы жасалған түйін мынау: «Тарихи шын-дық алғашқы, өнердегі шындық — кейінгі құбылыс». Осылайша, тұтастық жайын зерттейтін ғылыми таным ар-қауындағы теорияның абсолюттік ақиқатқа ұласуын оған апаратын тәсіл — ғылыми тұтастық интеграциясы аясына сиғызып, «эпостық жырлар ұлттық мәдениет пен тарихқа қызмет етуі тиіс» екенін айтқан профессор Т. Қоңыратбайдың түйін сөзімен келіспеуге болмайды.

Берік ЖҮСІПОВ,
фольклортанушы

ТҮСІРГЕН

алдымен этнофольклортануға «эпос-тың этникалық сипаты» деген тың термин енгізу арқылы бір дәуірдің ғылыми бағытынан басқа арнаға бұрған жаңашыл ғалым. Әрине, аталмыш термин этнография саласына бұ-рыннан таныс. Жалпы, қаһармандық эпостың этникалық сипаты жайында айта түсуге болар еді. Бірақ оны бір мақаланың ауданы көтермейді. Кез келген эпикалық шығарманың тарихи, географиялық арқауын анықтап, эт-никалық сипатын негіздеу арқылы қаһармандық эпостың бойындағы қуыс-қолтықтарда жасырын қалып, кейін тайпалық бірлестіктердің негі-зінде қалыптасқан белгілі бір ұлттың басынан өткен тарих, оның өзгеріске түсу үдерісін бұрып, нақты өмір шын-дығынан алыстағып, төлтек тағдыр кеше бастаған «қасиетті тарих» сіле-міне қайта түсуге мүмкіндік аламыз.

Абсолюттіқақиқаттыңшеті шыққан кезде кеңестік жүйе тұсында ерекше күнтталған фольклортану ғылымының өзге бағыттарына — поэтикасына (көркемдігіне), типологиялық айырым ерекшеліктеріне, тарихи шындықпен байланысына, одан да басқа мың сан мәселеге ден қойып, осы соны әдіснама аясына біріктіру арқылы қаһармандық эпос секілді күрделі құбылыстың өт-кеніне, бүгініне, болашағына және оның қазақтың музыкалық фольклоры түрлерімен арақатынасына, тұтастық сипатына қатысты ұлтқа пайдасы тиетін толымды тұжырымдар жасауға болады. Бұл тұрғыда Т. Қоңыратбай сияқты кемел білім иесінің ұлттық ғылымдағы зерттелмеген тың бағыт-қа жетекшілік жасап отырғаны өз алдына, алып мұзжарғыш кеме се-кілді, ғасырдан астам уақыт сіресіп тұрған, сөгілмеген көбеге тыннан тү-рөн түсіруі ерлікпен пара-пар. Қиял-ғажайып ертегілері сюжетінде жер-дің жыртығын жемеп отыратын бір кейуана болушы еді ғой. Міне, сол кейіпкер түрленіп, қайта құбыла келіп, сіз бенен біздің арамызда жүріп, дал-дұлы шыққан тарихымыздың кем-кетігін орнына келтіріп, тесік-құтығын жамап-жасқап беріп жүрген Төкең сияқты болып көрінеді де тұрады.

Жалпы, профессор Т. Қоңырат-байдың қаһармандық эпостағы эни-калық сипатқа қатысты білдірген то-лымды пікірлері, таным табиғатын ашуға орай айтқан ойлары ерекше. Бұл сипат эпикалық шығармалардың басқа түрлерінен, мысалы «Қыз Жібек» ли-ро-эпосындағы ономастикалық атау-лардан да көрінеді, қазақтың музика-лық фольклорының басқа түрлерінде де тұнып тұр. Болашақта осы бағытты тереңдетіп, қазақ руханиятында ай-қын бедерімен тұрған рулық сипат деңгейінде зерделеу қажет-ақ. Кейінгі геральдикалық зерттеулер соны көр-сетсе бастады. Әрине, кезінде «рулық сипат» жайын зерттеуге тыйым са-лынды. Солай екен деп аймақтық, өлкелік ерекшелігі айқын, айналып келгенде ұлттық идеологияға қызмет ететін басты ерекшелікті аттап өтудің енді орайы жоқ. Егер мұны түсініп, қабылдауға біздің қоғамдық сана дайын болса, әрине.

Таным табиғатын тәпсірлеген

Профессор Т. Қоңыратбайдың ғы-лыми еңбектеріндегі қайшылыққа, тартысқа толы тақырыптың бірі — Қорқыт. Оғыз заманынан жеткен жә-дігер «Кітаби дадам Қорқыт ғали лисан тұлға оғузан» деп аталатын жазба деректердің үш түрлі этникалық үдерісті басынан өткізген тарихи тұлға — Қорқыт жайындағы қазақ аңыз-эпсаналарымен салғастыруға келмейтіні туралы айтқандары зерт-теулеріне ойтамызық болып келе

нылғанын негіздеуі орынды. Оғыз-дардың шығыс қанатына қатысты діни алауыздық мәселесі де тап осы жерде туындайтын секілді. Сөйтіп, түрік қағанаты тұсындағы мәдени, тілдік ерекшелігі басым субэтнос пен IX–X ғасырлар арасында саяси, экономикалық, идеологиялық тұр-ғыда қауымдасқан суперэтностық ерекшеліктен оғыздардың түрлі этни-калық үдеріске қатысы барын атап көрсетіп, «белгілі ру-тайпаның тари-хын баяндайтын жыр эпикалық үдеріс аяқталған соң барып туатынын» не-гіздей келе, жырдың айқын кезеңді сипатына қатысты ойларын ортаға салады. Ал Қорқыт құбылысын сөз еткен тұста өзіне дейінге тарихи фонға жан-жақты шолу жасай келіп, өзіндік пайымдарын ұсынаң.

Рас, кеңестік кезеңде Қорқыттың мұрасын тілге тиек еткен кейбір ға-лымдар тобы оны аңыздың кейіп-кері, фольклорлық жиынтық бейне ретінде таныған. Ал кейінгі, компиля-циялық сипаты басым материалдарды мойындай қоймайтын Т. Қоңыратбай болса, Қорқытқа қатысты жалпы түркологиялық мәселелерді «архео-логия, этнология, фольклортану, әдебиеттану, музыкатану ғылымда-рының мүмкіндіктері тұрғысынан қарастырып; мифологиялық, типоло-гиялық, полистандіктық, генетикалық таным салаларынан өткізген». Өзі «Қорқытқа телініп жүр» деп есеп-тейтін, желісі Асанқайғыдан көшкен мотив — желмаяға мініп, дала кезу уақиғасын кейін телінген көркем құ-былыс — контаминация, яғни аңыз-дардың араласа келе астасуынан, аңыздаушылардың жымдастыруынан болған, сөйтіп рационалды танымнан алыстаған үдеріс деп біледі. Оған қоса, екі аңыздың идеялық мақсатының да алшақ екенін дұрыс бағамдайды. Ал мифтік сюжеттің этногеографиялық өзгеріске түсу — құбылып, түрін өз-герту жағдаятынан бейхабар ғалым-дарды «аңыз атаулының белгілі бір аймаққа ғана қатысты жанр екенін ескермейді» деп орынды сынайды. Шынымен де, сыртқы ұқсастықтарды жалаң салыстырудың ғылыми танымға берері шамалы. Сондай-ақ, Қорқыт жайындағы мәліметтер ғылымға аңыз-әпсана, «Қорқыт ата кітабы», тарихи шешірелер және бақсы сарнаулары сияқты төрт түрлі арнада жеткенін айтқа келе, осы аталғандардың ішінде

алмайтынын айтады. Оғыз тайпа-сының «қайы» ұрқынан шыққан тұлғаның генетикалық тарихын, жал-пы болмысын салыстыра зерттеуде герменевтика мен синергетикалық тәсілді қатар қарастыруға қатысты қозғаған ойлары да өзекті. Қорқыттың тарихи тұлғасы мен фольклорлық бей-несін салыстыра, сабақтастыра зерттеу мәселесі осы айтылғандардың түйінін тарқатуға септеседі. Ол заманауи му-зыкатану саласында түйікқа тіреліп жүрген мәселенің бірі ретінде Қор-қыттың музыкалық мұрасының жайын толғайды. Салыстырмалы түрде оғыз ұзанымын ерен есіммен жақсы таныс дейтін «әзірбайжан, түрікмен, анадолы түріктері, башқұрт, татар халықтары Қорқыттың музыкалық мұрасы туралы сөз қозғамауы» неліктен? Ғалым осы төңіректі біраз шыырлайды. Шыыр-лағаны сол, одан соң қаптаған сұрақ-тың құрсауында қаласын.

Сонда аңызды тарихи айғақпен шатастырып жүрген «мамандардың» айтып жүргені не сөз? Оны тұптағ санайтын өзге елдерде Қорқыттың музыкалық мұрасы неге сақталмаған? Біз неге Ә. Қоңыратбаевтың: «Қорқыт қобызбен күй шығарған өнерпаз емес», — деген уәлі сөзін елеусіз қалдырдық? Қорқытқа телініп жүрген сарын-сар-наулардың көркемдік, стильдік ерек-шелігі неліктен музыкатанушылар тарапынан сауатты сараланбай отыр? «Қорқыт ата кітабында» аталатын «қолча гопус» шертпелі аспабы қалай-ша ысқышты қыл қобызға айналып шыға келген? Жырда неге Қорқыттың жырау екені айтылып, күй шерткені туралы сынар ауыз сөз жоқ? Оғыз заманында күй дербес жанр ретінде мәдени өмір сахнасында болды ма, жоқ па? Болса, оның дәлел-дәйегі қайсы? Бізде Қорқыттың заманынан бері үзіліссіз, үздіксіз жалғасып жет-кен музыкалық дәстүр бар ма? Ке-зінде «Қорқыттың күй мұрасы «та-былды» деп ақпарат таратқандар» не мақсат көздеді? Нышаннан жазып алынған сарын-сарнаулар қанша жер-ден негізсіз дамығылса да, сахнада орындалмауының сыры неде? Шағын музыкалық үзінділерді күйге айнал-дыру, әуелде В. Веляминов-Зернов жазып қалдырған шағын аңызды кей-інгілердің «еркін жеткізуді» фольк-лортану ғылымының заңдылықтарына қайшы көлмей ме? Әуелде 1964 жылы жарық көрген жинақтағы Ықыластың



Жидебай – Құнанбайдың атақонысы

...Сол күні түнде Сыр өнерпаздарының концертгі өте жоғары деңгейде өткенін ардагерлеріміз үлкен шабытпен, зор мақтаныш сезіммен айтумен болды. Ертеңіне ерте тұрып, таңғы астан соң Құнанбайдың мекеніне, ұлы Абай жеріне, тарихи орынға аттандық. Ауа райы сәл бұзылып, аспанды бұлт торлап, майда жауын сіркірей бастады. Семей қаласынан шыға ортамыздағы Қамар Рүстемов ақсақал ақ жол тілеп, батасын берді.

Семейден 187 шақырым жердегі Жидебайда Абайдың шығармалары дүниеге келген әрі мәңгілік мекені. Асыл әжесі Зере мен анасы Ұлжан, ағасы Құдайберді, ғұлама акын Шәкәрімнің жерленуі де тегін емес. М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы оқиға желісінің көбі осы жерде болғанын жақсы білеміз. Сондықтан Сыр ардагерлері зор қуанышпен тарихи мекенге жолға шықтық. Абай ауданын бетке алған үлкен автобус жол апшысын қуырып-ақ келеді. Азанымен жауған жаңбыр болмаса, жолдаушылардың көңіл күйі өте жақсы. Алыстан тау сілемдері мұнарта, қарая көрінеді. Жап-жазық дала.

Жолбасшымыз кешеден бері Семей тарихын түсіндіріп жүрген облыстық музей қызметкері Нұрғұл Құсайынова қарындасымыз. Ол Абайдың Семейде оқыған шағында осы жолмен жүргенінен сыр шертіп келеді. Ойлы-қыратты мидай дала. Нағыз төрт түліктің жайылымы десек болады. Осыдан екі ғасыр бұрын бұл мекен қандай болды екен деп ойға баттым. Атты адамға үш күндік жол. Ат болғанда қандай, су төгілмес жорға жүрісті болмаса, үш күнде Жидебайға жетпесі анық. Қалада оқып жатқан бала Абайды ағайыны Байтас алып келе жатқандағы көріністер осы ұлы жолдың бойында болғаны ойға оралды.

Күшікбай батыр кесенесі

Әсіресе, ауылына асыққан бала Абай ұзақ жолда аттан түспей, оқ бойы алда озып жүрген, жол серіктестерінің қитығына әбден тиген тұсы. Көкүйірім, Бүратиген, Тақырбұлақ, Қаракөл маңдарынан өтіп барамыз. Тақырбұлақтан сал әрі Есенбай жырасында ұрылар жататынын ескерткенде ол жастыққа салынып, Байтас пен жорға Жұмабайдың айтқандарына құлақ аспай, шаба жөнелетін шағын айтсаңшы.

Тақырбұлақтан өте бере атын тебіне алға озып кеткен бала Абай тап қазір көз алдымыда шауып бара жатқандай көрінді. Сол сәтте Жұмабай да, Байтас та «Мен бөрінің бөлтірігімін» деп келеді-ау мына бала деп бірі Қаражал атпен, екіншісі Найман-көкпен соңынан ілесе қуғаны елестеп, қиялға беріліп кетіпін. Осылай неше түрлі ой құшағында отырған сәтте, XVIII ғасырдың аяғына таман өмір сүрген Күшікбай батырдың кесенесіне де келіп жетіптіз. Кесене жанына ақ жауынның кесірінен бара алмай жол үсті тоқтап, батыр рухына Құран бағыштадық. Нұрғұл қарындасымыз Күшікбай батыр жаудың қолынан емес, шешек ауруынан қайтыс болғанын айтты. Үйінде ауырып жатқанда, қалмақтар ауыл малына шауып барым-тапап алып кетеді. Осы жайтты естіген уақтан шыққан Күшікбай батыр жанына жігіттерін ертіп алып, малды түгелімен қайтарып берген. Содан соң шешек ауруы менден қайтыс болған көрінеді. Оның жанында батырға ғашық болған Әзиза аруды Абайдың досы Көкбай ақын Петроградқа апарып емдеткенмен ем қонбай, осында жерленгенін Нұрғұл қарындасымыз сыр етіп шертті. Оның да рухына Құран бағышталды.

Автобус алға қарай жылжи берді. Сол сәтте Сырдың танымал әншісі Ләйлә Мәсімханова мен баянист Төлеген Каденов кезекті әнге берді. Роза Бағланова апамыздың айтқан әндерін Ләйлә қарындасымыз құйқылжыта орындады. Даусы өте керемет екен. «Құлақтан кіріп, бойды алар, Жаксы ән мен тәтті күй! Көңілге түрлі ой салар, Әнді сүйсең менше сүй!» деген дана Абайдың айтқанындай тыңдаушылар сүйсіне қайта-қайта қол соғумен болды. Асфальт жол айнадай тегіс болмағандықтан кібірткітеп жүріп келеді. Әлі жол ұзақ...

Әсерлі әннен соң көңіл күй көтеріле түскен сәтте, Құнанбай мен Абайға әңгіме желісі қайта ауыса бастады.

Ауыл шаруашылығы саласының ардагері Омархан Пашкенов естіртті, таулы жазықтарды әңгіме етті.

– Мынадай желі жібектей өте жұмсақ самал ескен аймақта өмір сүрген Құнанбай әулеті қалай ақылды, қалай дана болмасын? Өздеріңіз күндікке қалың жусанды, киікоты жайлаған көгі майса аймақты көріп келесіздер. Жусанының аңқыған иісі кеуде сарайын ашып келеді емес пе? – деп көпшілікке ой тастай қарады. Омарханның сөзін қалалық ардагерлер кеңесінің төраға орынбасары Жұмабек Әлиев жалғап кетті.

– Сонау XX ғасырдың басында Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы бастаған рухани зерделі игі жақсылар ұлттық идеяны жасау міндетін өз мойнына алды. Олар – алдымен қазақтың түрлі тарабынан шыққандар әрі дәстүрлі дала ақсүйектерінің өкілдері. Міне, бұл – біздің Ұлы даланың құдіреті. Мынадай көкорайлы жерден қалай данышпандар мен данагөйлер шықпасын? Алаш арыстары шыққан киелі мекен – бұл. Семейде алғаш съезд өткенде Қазақ автономиясын құру жөнінде шешім қабылданған қасиетті жер. Сондықтан табиғаты тамаша жерден Алаш қайраткерлерінің көптеп шығуы заңдылық, – деп Жұмабек сөзді жандандыра түсті.

Көптен бері үнсіз отырған ардагер Әбдімәулен Токтыбаев:

– Жігіттер, Алаш қайраткері Міржақып Дулатов: «Өнер-білімнің, саудакәсіптің, от арба, от кемеңнің тоғысатын кіндігі, қарашаңырағы – Семей. Семей – бір губерния елдің мыы. Ақыл-ойдың табысы Семейде. Семей – бір губерния елдің жүрегі. Семей бүлкілдесе, бір губерния ел бүлкілдейді. Ертістің оң қабағында – Семей, солында – Алаш қаласы» деп бекер айтпаған, – деді.

«Сыр – Алаштың анасы, Семей – Алаш қаласы» деген сөз төркінін ұғынған ардагерлер оны да талқылады.

Бөрілі баурайы

Осылай ду-ду әңгімемен отырғанда кемеңгер жазушы Мұхтар Әуезовтің дүниеге келген жері Бөрілі мекеніне де келіп қалыппыз. Дәл осы Омарханның Бөрілі қонысында «Көксерек» романы жазылғаны жайлы Нұрғұл Дарханқызы айтып өтті. Ана-ау алыстан мұнартқан Бөрілі тауы бастары қарая көрініп қасқырлар мекені екенін ұқтырғандай. Осы жерде бой жазып, «Бөрілі» жазуы жанында топ болып суретке түстік.

Мұхтардың 11 жасында әкесі Омархан қайтыс болған. Содан қалада тұратын немере ағасы Қасымбектің қолына барып Камаладдин қазіреті мешітінде оқиды. Оқып жүріп орыс мектебінің дайындық курсына ауысады. 1910 жылы Семей қалалық 5 кластық училищеге оқуға түседі. Атасы Әуез Мұхтардың білім алуына барлық жағдай жасайды. Осында оқып жүргенде «Дауыл» атты тырнақалды туындысын жазған екен. Училищені 1915 жылы аяқтап, Семей мұғалімдер семинариясына оқуға түскен. Оны 1919 жылы бітірісімен 1919-1922 жылдары Семейде, Орынборда түрлі жауапты қызметтер атқарды. Ал 1923 жылы Ленинград жоғары оқу орнына барып филология факультетіне оқуға түсті. Сөйтіп атакты адамдардан дәріс алған оның білім өрісі кеңейді. 1917 жылы 20 жасында «Еңлік-Кебек» еңбегін жазды. Шекспирдің «Ромео мен Джульетта» пьесасын қазақшаға тәржімалаған. Ал 1917 жылы Абайдың әйелі Әйгерімнің Аралтөбе ауылында «Еңлік-Кебек» пьесасы алғаш қойылғанын айта кеткеніміз орынды болар.

Бөрілі тауы мен оның аймағын біраз тамашалаған ардагерлер қайта автобуска жайғасты.



Тарихы терең Қасқабұлақ

Алдымызда Қасқабұлақ тосып жатқанын жолбасшы қарындасымыз ескертті. Оның адыр-жоталарын аралап келеміз. Айналадағы тау жотасынан ескен самалдан жусанның иісі аңқып есіп тұр. Қасқабұлақтың өзі үшке бөлінеді екен. Үлкен Қасқабұлақ, Кіші Қасқабұлақ, Сырт Қасқабұлақ болып. Біз келе жатқан үлкен жол осы үшеуінің қасқасымен жүреді. Алыстан айнадай жарқырап үлкен көл көрінді. Бұл – Сырт Қасқабұлақтың көлі. Дәл осы табиғаты тұмса жерде ұлы Абай 1845 жылдың 10 тамызда дүниеге келген. Көгілдір сағым ойнаған көлдің, айналадағы тамаша табиғаттың сұлулығын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емесей. Бұл біздің бүгінгі көргеніміз, бұдан 200 жыл бұрын оның қандай көркем жер болғаны Алла тағалаға ғана аян. Жаз бойы Шыңғыс етегін жайлап, қыс бойы суы мол Қасқабұлақты Құнанбай ауылының қыстайтынғы осыдан шығар. Қасқабұлақ көлінің ескі атауы Шолпанбұлақ екен. Жас ару өзінің сүйгеніне қосыла алмағандықтан, сол заманның қарсылық зарпынан осы көлге кетіп өлген көрінеді. Кейіннен «Қасқабұлақ көлі» атанып кеткен. Бұл тарихтың жаңарғаны, қайта жаңғырғаны болар.

Алдымызда Ақшоқы

Көп ұзамай «Еңлік-Кебек» кесенесіне де келіп жеттік. Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек» трагедиясындағы жазаға ұшырайтын Шеткі Ақшоқы екен бұл жер. Ынырана биікке шыққан автобус кесене алдына бұрыла тоқтады. Бейіт басында дұға оқылып, екі бейбаққа Құран бағышталды. Бейіт

жанында бой көтерген екі ғашықтың ескерткіші алдында суретке түстік. Көлікке отырған соң ардагерлер арасында «Еңлік-Кебек» пьесасы талқылана бастады. Осы кезде ардагер-ұстаз Шегебай Башенов жас кезінде Жабалдың бейнесін сомдағанын айтып, үзінділер келтірді. Ақшоқы десе, дегендей. Алақандай жерден «Еңлік-Кебек» трагедиясын жасап шығару жазушының тіл шеберлігі, ой байлығы болса керек. Үлкен Ақшоқы – Абай отау тігіп, қоныс көтерген жері. Орта Ақшоқыда інісі Ысқақ қоныс тепкен. Ал біз тұрған Кіші Ақшоқы – Еңлік пен Кебектің жаза тартқан жері. Қос ғашықтың тығылып мекен еткен Ақшоқы тауы шығыс беткейде қарауыта көрініп тұр. Осы жерде Қалқазбек, Әнуар, Қамар ағаларымыз киік-оты шөбі мен жусаннан теріп алып жатты. Сонымен көлікке қайта отырып Шыңғыстауды бетке алдық. Кезек бір сәт әнге берілді. Қос өнерпаз Ләйлә мен Төлеген көпшілік көңілін бір серпілтіп-ақ тастады. Аспандағы бұлт ыдырап жауын басылып, күн қабағы ашыла бастады.

Сәлем бердік, Шыңғыстау!

Алдымыздан Шыңғыстаудың мұнарланған шыңдары көріне бастады. Ардагерлердің көңіл күйі көтеріле түскендей. Жидебай мен Қарауыл жазығына іліктік. Онда уақ мал шашылған тастай өре жайылып жүр екен. Осы Шыңғыстау баурайында жаугершілік заманда Шыңғысхан он жеті қағандық қосын құрған тарихынан дерек беріп өтті Нұрғұл Дарханқызы. Бізге ертегідей көрінген Шыңғыстауды, Қарауыл баурайын, Жидебай алқабын көзбен көріп маз болдық. Ауа райы да, кең-байтақ жері де, оның табиғаты да ерекше екені байқалады. Алыста қарайып Қарауыл мен Орда тауы

тұр. Құнанбайдың мекеніне, хакім Абайдың қоныс еткен қасиетті жерге келдік. Жидебайдағы Еркежан екеуі тұрған үйге сәлем бере кірдік. Бұл үй келушілер үшін музейге айналған. Ішінде Абайдың жұмыс бөлмесі, қонақ бөлмесі, Еркежанның жатын бөлмесі, ас бөлмесі сол күйінде жаңартылып сақталған. Жапсарлас шошала тұр. Онда күніге 300 бас сойылған малды іліп, терісін сылып алатын қасапхана орны сақталған. Ұлы ақынның ұстап-тұтқан ат әбзелдері мен ер-тұрмандары, пәуеске арбасы сыртта ықпанада сақталған. Үй ішіндегі жазу үстелінде пайдаланылған заттары тұр. Қабырғада аспалы сағат, басына киген тымақтары, басқа да заттары ілулі. Қонақ бөлмеде көрпеше төсеніштері мен ағаш ыдыстары қойылған. Құс жастықтар мен көрпешелер кебеже үстіне жиналған. Күтушілер ол заттарға күнделікті қарап қоятынын айтады. Еркежанның бөлмесінде өзінің әйелге тән ұстаған заттары тұрғанын көрдік. Абайдың музей үйінен шығып «Абай-Шәкәрім» мемориалдық кешеніне автобуспен бет алдық. Кешенге келгенімізде алдымыздан Абай ауданының әкімі Мейіржан Смағұлов күтіп алды.

Абай мен Шәкәрімнің рухына тағзым

Аудан әкімі «Абай-Шәкәрім» кешені жайлы сыр шертті.

– Бұл кешен атакты сәулетші Бек Ыбыраевтың жобасымен салынған. Кешеннің мәні мен мағынасы өте зор. Атап айтар болсам, Сарыарқа төсімен жүзіп келе жатқан алып кеме деген мағынаны білдіреді. Бұл жай ғана салына салған кесене емес. Абай мен інісі Оспан жерленген кесененің биіктігі 32, диаметрі 12, ұзындығы 200, ені 65, биіктігі 5 метр. Жалпы Жидебай алқабында 640 шаршы метр жерді алып жатқан тарихи орындар бар. Кесененің ішкі келбеті қазақтың киіз үйінің көрінісімен жасалған. Шәкәрім мен ұлы Ахаттың кесенелерінің биіктігі 31, Абай мен Шәкәрім кесенелерінің арақашықтығы 140 метр. Қос кесененің дәл ортасына амфитеатр орналасқан. Онда Абай мен Шәкәрім оқулары өтеді.

Кесене платформасы үш қабаттан тұрады. Астыңғы метрге жуық қара қабаты жерасты әлемін танытса, одан жоғары қоңырқай қабаты адамдар әлемін білдіреді. Ал ең үстінгі ақ түсті қабаты аруақтар әлемінен хабардар етеді. Төрт бұрышына қойылған мұнаралар да мәнге ие. Ғұлама акын Шәкәрім Жидебайдан 110 шақырым әрі Баканас елді мекенінде 1931 жылы атылып, денесі Құрқұлыққа тасталған. Осы жерден ұлы Ахат ақсақал 1962 жылы арада 30 жыл өткен соң ашып алып, арулап Абайдың жанына Жидебайға әкеліп жерлеген екен, – деп аудан әкімі Мейіржан Смағұлов өз сөзін түйіндеді.

Кесене кіреберісінде биік урнадағы табақша ішінде ұлылардың топырағы салынған. Сол топырақты қолмен ұстап, іштей өлі аруақтардың топырақтарының жеңіл болуын тілейді екен. Біз де солай жасадық.

Қош бол, қасиетті мекен

Кесене екі таудың ортасында тұр. Бірі – Шыңғыстау болса, екіншісі – Орда тауы. Шыңғыстаудың бұлай аталу себебі, сол жерде Шыңғысханның ұлын ақ киізге отырғызып көтеріп, хан етіп сайлаған жері екен. Қарсы беттегі көрші тауда хан ордасы орналасыпты. Сондықтан болар, ол Орда тауы атанғаны. Абай мен Шәкәрім мемориалды кешенінен шығып Құдайберді, Зере, Ұлжан жатқан кесенеге келіп Құран бағыштадық.

Жидебай қыстағы жанындағы кешенді музей алдына үш бұрышты тас қойылған екен. Онда «Еуразия – жер кіндігі» деп жазылыпты.

Әні-міне дегенше уақыт алға озып бара жатқандықтан, Абай ауданы орталығы Қарауылға бет алдық. Астан соң «Қош бол, Қарауыл, қош бол, Құнанбай мен хакім Абайдың қасиетті мекені, қош бол, шежірелі Шыңғыстау!» – деп Семейге қайт бөт түзедік.

Облыс орталығына шаршамай жеттік. Кешкі астан соң, жолға қамдана бастадық. Ертеңіне «Семей-Қызылорда» пойызына отырып, Қызылордаға бетке алдық.

Жолай ардагерлер екі күн бойы Абай елінен алған әсерлерін бөлісіп, осы саяхатқа қолдау білдірген облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевқа, ұйымдастырған облыстық ардагерлер кеңесіне шексіз алғысын жеткізіп келді. Ортамызда Қазалыдан келген төкпе акын, теміржол саласының ардагері Қанай Сәрсенбайұлы өзінің өмірден алынған эзіл-сықақ өлеңдерін оқыды.

Ұлылар жатқан мекенінің тарихын тереңнен ұғынып, қасиетті өлкенің біле бермейтін сырларына қанықтық. Мұндай саяхаттар алдағы уақытта тоқтап қалмай, жалғасын тауып жатса нұр үстіне нұр болар еді дейміз. Әсіресе, ұлы Абайды, ғұлама акын Шәкәрімді, заңғар жазушы М.Әуезовті танимын, зерттеймін дейтін оқушылар мен студенттер үшін аудадай қажет. Жер тарихын білу өте маңызды екені анық. Жастар – келешектің иесі. Сондықтан әрбір өлкедегі ұлылар тарихы мен жер-су атауларын зерттеу өте дұрыс. Бұл елдігіміз үшін қажет.

Кенжалы ЕРІМБЕТОВ, Қазақстанның Құрметті журналисі

Қызылорда – Семей – Қызылорда (Соңы. Басы 146-147 нөмірде)



/// ТӘРБИЕ ТІНІ

БОЛАШАҚТЫҢ БЕРІК ІРГЕТАСЫ

Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық болмыс пен мәдениетті сақтау – кез келген мемлекеттің басты міндеттерінің бірі. Бұл орайда жастардың бойында ұлттық құндылықтарды сіңіру елдің болашағына салынған берік іргетас екені сөзсіз. Осы маңызды миссияны жүзеге асыруда жоғары оқу орындарының рөлі ерекше.



Сурет ашық дереккөзден

Аталған миссияларды орындауда ең бірінші шарт жас ұрпақ бойында «Ұлттық сана», «Ұлтжандылық», «Ар мен намыс» ұғымын қалыптастыру маңыздырақ па деп ойлаймын. Себебі, ұлттық сана тәрбиенің негізі болмақ.

Орта білім мекемелері балалықтың мектебі болса, жоғары оқу орындары – даналықтың білімі мен тәрбиесін алатын орта. Тек білім ғана емес, тәрбие беретін, рухани дамудың іргесін қалайтын мекен. Университеттер мен институттарда оқитын жастар – ертенгі ел тізгінін ұстайтын азаматтар. Сондықтан олар тек кәсіби білім алып қана қоймай, ұлттық рух пен тарихи сананы бойына сіңіріп өсуі қажет.

Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр әл Фарабидің «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі» деген сөзі өте дәл айтылған. Өйткені ұрпаққа үлгілі тәрбие бере алу – қоғамымыздың өзін, елдің тірегін қалыптастыру деген сөз. Соның ішінде баланы балабақшадан, жасөспірімдерді мектептен, жастарды жоғары оқу орнынан тәртіпке үйрету, құқықтық тәрбие беру – болашағымыздың жарқын кепілі.

Әсіресе, бүгінгі ғылым мен технологияның тайталасындағы жасанды интеллект жастар санасына қиындық әкелері сөзсіз. Президент «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Жасанды интеллектің қарқынды дамуы қазірдің өзінде халықтың, әсіресе, жастардың мінез-құлқы мен болмыс-бітіміне әсер етіп жатыр» деді.

Қызылорда дегенде кез келген баспа бетінде бірінші мына сөздер жазылады: Сыр өңірі – құт-береке дарыған, бабалар дәстүрі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, сабақтастығы

үзілмеген қасиетті мекен.

Бірлігі мен достығы жарасқан, қазақы салт-дәстүрге туып тұрған қасиетті Сыр еліндегі білімнің қарашырағы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті – білім мен тәрбиені қатар алып жүрген үлкен орда. Ұлттық құндылықтар мен тәрбиенің ошағына айналған оқу орны тәрбиелік максатта білім алушылар арасында түрлі тәрбие сағаттарын, этномәдени клубтар, ғылыми конференциялар, танымдық жобалар ұйымдастырып келеді. Студенттер арасында «Мәңгілік ел» идеясы, Абайдың 180 жылдығына арнаған «Абайдың қара сөздері», әл Фараби, Қожа Ахмет Ясауи, Мұстафа Шоқай сынды ұлы тұлғалардың мұраларын насихаттау арқылы ұлттық рух жаңғырып келеді.

Осы орайда «Биология, география және химия» білім беру бағдарламасының оқу топтары арасында 2024-2025 оқу жылында «Кітап оқу» апталығы өткізілді. Апталық барысында білім алушылар Санжар Керімбайдың Әділбек Нәбимен бірге жазған «Өзбекәлі және мәдени майдан» шығармасын оқып, өз ойларын бөліскен қызықты кеш өткізді. Кеште шығармадағы 16 жастағы Ғани Мұратбаевтың ерлікке тең еңбегін айтып берді.

Бұл жердегі айтқалы отырған мәселе тәрбие мен білімнің тұтастығы жайында болмақ. Университеттердің оқу бағдарламасына енгізілген «Қазақстан тарихы», «Философия», «Мәдениеттану», «Әлеуметтану» сынды пәндер жастардың тарихи санасын қалыптастыруға үлкен септігін тигізеді. Сонымен қатар, мемлекеттік тілді дамыту, ұлттық дәстүрлерді жаңғырту, салт-сананы сақтауға бағытталған бастамалар да студенттерге рухани азық береді.

Патриоттық тәрбие мен ұлттық бірегейлікті қалыптастыру жолында тәлімгер ұстаздардың орны ерекше. Әрбір оқытушы ұлттық құндылықтың жаршысы болуы тиіс.

Себебі білім алушылар ұстаздың бойындағы ұлтжандылықты көріп, оны үлгі етеді.

Әрине, жастар – біздің болашақтың айнасы. Бүгінгі студент – ертенгі ел болашағы. Егер ол ұлттық құндылықтарды терең түсініп, жүрегімен қабылдаса, онда болашақта өзінің кәсіби қызметінде де сол құндылықтарды ұлықтай алады. Мейлі ол дәрігер, инженер, ұстаз немесе кәсіпкер болсын, ұлт рухын сақтаған тұлға ғана елге адал қызмет етеді.

Сондықтан әрбір жоғары оқу орны өзінің басты мақсаттарының бірі ретінде ұлттық тәрбиені алға қоюы қажет. Бұл – бір күннің немесе бір пәннің мәселесі емес, үздіксіз білім беру де жүретін, кешенді әрі жүйелі жұмысты талап ететін маңызды міндет.

Жастардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру – тек отбасы мен мектептің ғана емес, жоғары оқу орындарының да парызы. Ұлттық мүдде мен рухани мұра жастардың жүрегінде орын алғанда ғана мемлекетіміздің тұғыры биік, болашағы нұрлы болмақ.

Бойына ұлттық құндылықтарды сіңіріп өскен бала білімді де мәдениетті, ал мәдениетті адам ешқашан жемқор болмайды, бола алмайды. Өйткені оның бойындағы тәрбие мен мәдениет жемқорлыққа апара алмайды. Ал біздің қазіргі заманымыздың ең үлкен дерті осы – жемқорлық.

Президент сөзіндегі «Өскеген ұрпақ бақытты, берекелі өмір сүруге тиіс. Сол үшін бәріміз бір ұлт болып, табанды еңбек етуіміз керек. Бұл – баршамызға ортақ өте маңызды жұмыс, аса жауапты азаматтық және ұлттық міндет» деген ой алдағы бағытымызды айқындап берді.

Оразхан АЙДАРОВ,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
аға оқытушысы

/// ДЕНСАУЛЫҚ

«ҚЫЗҒЫЛТ ҚАЗАН» – ЖАҒАНДЫҚ БАСТАМА

Сүт безі ісігі – әйелдерде ең жиі кездесетін аурудың бірі. Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы 1993 жылы 1 қазан күнін халықаралық сүт безі қатерлі ісігімен күрес күні ретінде бекіткен. Ең өкініштісі, әлем елдерінің басым көпшілігі сүт безі қатерлі ісігі дерегі бойынша алдыңғы қатарда. Қазақстанда жыл сайын орта есеппен 5000-ға жуық сүт безі қатерлі ісігімен ауыратын науқас анықталып, 1200-ге жуық әйел қайтыс болады.

Осы себепті қазан айында әлемде «Қызғылт қазан» атты жаһандық бастама өткізіледі. Бұл науқан сүт безі қатерлі ісігі, оның алдын алу, диагностикасы мен емделуі жайлы халықтың хабардарлығын арттыруға арналған.

Біздің облыста да сүт безі қатерлі ісігі өкпе және асқазан обырынан оқ бойы озып тұр, деп хабарлады облыстық онкологиялық орталығы бас дәрігерінің орынбасары Нұрлыбек Құлмаханов. Өңірде 6241 онкологиялық науқас диспансерлік есепте тұрса, оның 1205-і сүт безінің қатерлі ісігімен ауырады.

Маманның айтуынша, онкологияның бұл түрі әйелдермен қатар, ерлерде де болады. Бірақ, әйелдерде көп кездеседі. Әдетте, бұл ауру сүт безі тінінде киста немесе түйін түрінде пайда болады. Бұл жасушалар лимфа жүйесіне, қан тамырлары арқылы қоршаған тіндер мен мүшелерге таралуы мүмкін. Ауруды асқындырып алған жағдайда емдеу қиынға соғады.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры облыс бойынша филиалының бас сарапшысы Айгүл Аханованың айтуынша, онкоскрининг бұрын МӘМС медициналық қызметтері пакетіне кірген, яғни скринингтен өту үшін сақтандырылған мәртебесі болуы қажет еді. Сондықтан қауіпті ісіктерді анықтауға мүмкіндік беретін осы маңызды зерттеулерге барлық пациенттер қол жеткізе алмады. Бірыңғай пакетті әзірлеу кезінде сарапшылар осыны ескеріп, скринингтерді мемлекет кепілдік беретін негізгі медициналық көмек пакетіне енгізді. Енді сүт безі, жатыр мойны және тоқ ішек қатерлі ісігіне скринингтік тексерулерден МӘМС төлемдері төленбесе де өтуге болады. 40 пен 70 жас аралығындағы әйелдер 2 жылда бір рет сүт безі обырын ерте анықтау үшін скринингтік тексеруден өте алады.

Жыл сайын қазан айында ұйымдастырылатын айлық аясында еліміздің медициналық орталықтарында, емханаларда ашық есік күні өтеді. Онда тегін тексеруден өтіп, маман-молог-дәрігерлерден кеңес алуға болады.

– Қазіргі таңда әйелдердің денсаулығын қорғау мен қатерлі ісік ауруларының алдын алу – денсаулық сақтау

саласының басты бағыттарының бірі. Әсіресе сүт безі қатерлі ісігіне қарсы ерте диагностика мен жүйелі тексеріс – ауруды дер кезінде анықтаудың ең тиімді жолы. №3 қалалық емханасында жыл басынан бері 2164 әйел профилактикалық тексеруден өтті. Тексеру нәтижесінде 793 адамнан ауру белгілері анықталып, олар медициналық бақылауға алынды. Оның ішінде 4 адамнан сүт безінің қатерлі ісігі расталып, тиісті ем-шаралар жүргізілуде. Сондай-ақ 756 әйел «Д» есепке алынып, динамикалық бақылауда тұр. Аурудың ерте кезеңінде анықталуы ем нәтижесінің жоғары болуына тікелей әсер етеді. Сондықтан әйелдерді өз денсаулығына жауапкершілікпен қарап, жыл сайын профилактикалық тексеруден өтуге шақырамыз. Біздің емханада маммографиялық және ультратдыбыстық зерттеулер жүргізіліп, қажет болған жағдайда онкологиялық орталықтармен байланыс орнатылады. Әр әйел өз денсаулығына бейжай қарамаста, қатерлі ісікті ерте кезеңде анықтау арқылы өмірін сақтап қалу мүмкіндігі әлдеқайда жоғары, – дейді №3 қалалық емхана алдын алу бөлімінің аға мейіргері Қасиет Әлиева.

Бүгінде емханада аталған науқанға байланысты айлық өтіп жатыр. Маңызды қоғамдық денсаулық шарасы аясында қыз-келіншектер арасында сүт безі қатерлі ісігі туралы ақпараттандыру, ерте анықтау мен алдын алу жұмыстары насихатталды. Бұл бағытта түрлі семинарлар өткізіліп, дәрістер оқылууда. Алдағы аптада ашық есік күнін өткізу жоспарланған.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, әлем бойынша сүт безі қатерлі ісігі – әйелдер арасында ең жиі кездесетін онкологиялық ауру. Ерте кезеңде анықталса, емделу мүмкіндігі 90%-ға дейін жоғары. Осы орайда мамандар қыз-келіншектерге жыл сайын маман-мологқа немесе гинекологқа қаралуы, ай сайын өз-өзін тексеруді, майлы және өңделген тағамды азайтуды, яғни дұрыс тамақтануды, қозғалыс белсенділігін арттыруды, созылмалы стресс пен ұйқысыздықтан сақтануды ескертеді.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы

Жарнама бергіңіз келсе, 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: sm-jarnama@yandex.kz

ЛИЦЕНЗИЯЛЫҚ АЛЫМ

Қазақстан Республикасында Алкоголь өнімдерін сақтау, оны көтерме және бөлшек саудада өткізу қызметін лицензиялау тәртібі Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексімен (мұнан әрі – Салық Кодексі) және Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 18 мамырдағы №202-V «Рұқсаттар және бақарламалар туралы» және «Ұлттық банк туралы» заңдарымен белгіленген.

Алкоголь өнімдерін сақтау, оны көтерме және бөлшек саудада өткізу қызметімен айналысуға ниет білдірген салық төлеушілер «Азаматтарға арналған үкімет» Ақционерлік қоғамы арқылы электронды өтініш береді. Бұл ретте, өтінішке қоса тапсырылатын құжаттар:

- Жылжымайтын мүлік құжаттары (мүлік иесінің ЖСН/БСН, кадастрлық нөмірі).
 - Жылжымайтын мүлікті жалға алу келісім-шартының көшірмесі.
 - Су, жарық, жылумен қамтамасыз ету туралы келісім-шарттың мәліметтері (келісім-шарт жасалынған күн, нөмірі)
 - Деректерді беру функциясы бар Бақылау-кассалық машина орнату;
 - Лицензиялық алымды төлеген түбіртек.
- 2025 жылға келесі лицензиялық алым мөлшері бекітілген:
- алкоголь өнімдерін сақтау және көтерме саудада өткізу қызметіне – 786 400 теңге (3932*200 АЕК);
 - алкоголь өнімдерін сақтау және бөлшек саудада өткізу қызметіне (Қызылорда қ-сы) – 393200 теңге (3932*100 АЕК);
 - жекеменшік елді мекендерге (Арал қаласы, Қазалы қаласы, Тасбөгет қыстағы, Белкөл қыстағы) – 275240 теңге (3932*70 АЕК);
 - қалған елді мекендерге – 117 960 теңге (3932*30 АЕК);
- Лицензиялық алым – 105402 бюджеттік сыныптама коднына төленеді.
- Жоғарыда аталынған алым сомасы, белгіленген мөлшерлемелер бойынша есептеледі және дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың орналасқан жері бойынша тиісті құжаттарды лицензияға ұсынылғанға дейін бюджетке төленеді.
- Алым төлеген тұлғалар лицензияға тиісті құжаттарды тапсырғанға дейін лицензия алудан

бас тартқан жағдайларды қоспағанда, төленген алымның сомаларын қайтару немесе есепке жатқызу жүргізілмейді.

Бұл ретте төленген алым сомаларын қайтаруды немесе есепке жатқызуды алым төлеушінің салықтық өтініші бойынша лицензия алуға арналған құжаттарды тапсырмағандығын растайтын лицензияр Салық кодексінің 102-108-баптарында белгіленген тәртіппен олардың төленген жері бойынша Мемлекеттік кірістер органдары жүргізеді.

Лицензияны пайдаланғаны үшін (тоқсан сайынғы) төлем – 105434 бюджеттік сыныптама коднына төленеді. Лицензияны пайдаланғаны үшін төлем екінші деңгейлі банктің кез келген бөлімшесінде заңды тұлғаның немесе дара кәсіпкердің тіркелу орны бойынша Мемлекеттік кірістер органдарының мекенжайына есепті тоқсанның соңғы айының 25-нен кешіктірілмей төленуі қаралған.

Ағымдағы жылдың 18-шілдеcінде қабылданған №214-VIII «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» жаңа салық Кодексіне сәйкес лицензияны пайдаланғаны үшін төлем тәртібіне өзгеріс енгізілді.

Осылайша, қазіргі кездегі қолданыстағы Салық кодексінің 555-бабының 1-тармағына және 558-бабына сәйкес алкоголь өнімін сақтау және оны көтерме және бөлшек саудада өткізу қызметін көрсетушілер тоқсан сайын, тоқсанның соңғы айының 25-нен кешіктірілмей тең уәклетермен жыл сайын лицензияны пайдаланғаны үшін төлем (КБК-105434) төлеу міндеттілігі бар болатын.

Жаңадан қабылданған Кодексте аталынған норма алынып тасталған, яғни алкоголь өнімін сатушылар тоқсан сайын лицензияларды пайдаланғаны үшін төлеммен қоса төлеуден босатылған.

Алкоголь өнімдерін сақтау, оны көтерме және бөлшек саудада өткізу қызметін лицензиялау автоматтандырылған. Оны e-gov.kz веб-порталы арқылы жүзеге асыруға болады. Бүгінде лицензия алу оңай және қолжетімді. Салық төлеуші Мемлекеттік кірістер органдары мамандарымен тікелей байланыспайды. Бұл бір жағынан, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алса, екінші жағынан, бірыңғай тәртіп. Қандай да бір құжат болмаған жағдайда жүйе автоматты түрде лицензия беруден бас тартады.

«Болашақ» жоғары медициналық колледжі

Колледж директоры лауазымды қызметіне конкурс жариялайды

Қойылатын талаптар:

- конкурстық қағысушылар ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары» бұйрығына сәйкес болуы керек;
- Жоғары медициналық білімінің болуы;
- Педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл, оның ішінде педагогикалық өтілі соңғы 2 жыл, және басшылық лауазымдағы жұмыс өтілі кемінде

1 жыл;

Түйіндеме тапсыру мерзімі: 2025 жылдың 10 қазан мен 24-қазан аралығында, сағат 17:00-ге дейін қабылданады.

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Сырдарияның Сол жақ жағалауы, ғимарат №115, Қызылорда «Болашақ» университеті ЖШС, 106А кабинет.

Түйіндемелі **bolashak_5@mail.ru, Bolashak_5@bolashak-edu.kz** электронды почтасына жолдауға, қосымша ақпаратты төмендегі телефон арқылы алуға болады.

Байланыс тел.: 8-777-330-80-59.

«Болашақ» жоғары медициналық колледжі

Медбике қызметіне жұмысқа шақырады

Түйіндеме тапсыру мерзімі: 2025 жылдың 10 қазан мен 24-қазан аралығында, сағат 17:00-ге дейін қабылданады.

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Сырдарияның Сол жақ жағалауы, ғимарат №115, Қызылорда «Болашақ» университеті ЖШС, 106А кабинет.

Түйіндемелі **bolashak_5@mail.ru, Bolashak_5@bolashak-edu.kz** электронды почтасына жолдауға, қосымша ақпаратты төмендегі телефон арқылы алуға болады. **Байланыс тел.: 8-777-330-80-59.**

Қызылорда «Болашақ» университеті

Медбике қызметіне жұмысқа шақырады

Түйіндеме тапсыру мерзімі: 2025 жылдың 10 қазан мен 24-қазан аралығында, сағат 17:00-ге дейін қабылданады.

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Сырдарияның Сол жақ жағалауы, ғимарат №115, Қызылорда «Болашақ» университеті ЖШС, 106А кабинет.

Түйіндемелі **bolashak_5@mail.ru, Bolashak_5@bolashak-edu.kz** электронды почтасына жолдауға, қосымша ақпаратты төмендегі телефон арқылы алуға болады. **Байланыс тел.: 8-777-330-80-59.**

Хабарландыру

«Талапкер «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның Қызылорда облысы бойынша филиалы жауапкер «С.Сейфуллин Жер» ЖШС-нан лизингтік шарттар бойынша қалыптасқан негізгі қарыз бен сыйқан қарыздарын өндіруді, кешіктірілген күндерге есептелген өсімпұл сомасын өндіруді, тараптар арасындағы лизингтік шарттарды бұзуды және шарт бойынша берілген техникаларды кері қайтару туралы сотқа жолданған арызды негізінде, Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 05.09.2025 жылғы ұйғарымымен азаматтық іс қозғалып, сотта қаралып жатқандығы хабарланады.

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Абдирев Сунгат Илесбаевич (лицензия №13019285, 12.12.2013 ж) 2025 жылдың 30 шілдесінде қайтыс болған азамат Мұсабаев Марат Дайрабайұлының атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Н.Назарбаев даңғылы №60 А, тел.: 8 777 772 80 80.



ТҮРКІ ЖҰРТЫНЫҢ ТӨР МЕКЕНІНЕН ТАРАҒАН САЗ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы күні кеше Әзербайжанның Габала қаласында өткен түркі мемлекеттер ұйымының ХІІ саммитінде «Түбі бір түркі жұртының тарихы тамырлас, халықтарымызға ортақ сан ғасырлық шежіреміз бар деп үнемі айтып жатырмыз. Мұның бәрі – берекелі бірлігіміз бен мәңгілік ынтымағымыздың алтын арқауы» деген болатын. Бауырлас халықтардың рухын көтеру фольклорлық-музыкалық өнерін дәріптеу, өзара мәдени байланысын нығайтуда фестивалдің маңызы зор. Қорқыт ата – түркі дүниесінің ортақ рухани тұлғасы. Ел бірлігі мен мәңгілік өмір идеясының символы. Қорқыт ата мұраларының БҰҰ жанындағы ЮНЕСКО-ның ғаламдық материалдық емес мұралар тізіміне енгізілуі – жылдар бойы бірлесіп атқарған жұмысымыздың нәтижелі жемісі. Бұл – Қорқыттан қалған ұлы өнердің, ұлы дала сазының құнды жәдігері, – деді облыс әкімі.

Гала-концертте Н.Жанпейісов, Ұ.Байбосынова, Е.Жаңабегренова, А.Ногайбаева, М.Сәрсенбаева және Ш.Бимбетова, т.б. өнерпаздар жырлан шашу шашты. Алтай Республикасынан келген У.Ынтаев пен А.Орсулов, Әзербайжаннан «Қарабах» мұғамшылар тобы, Түркиядан келген Б.Синан мен Н.Камбер, Тыва Республикасынан «Эш» фольклорлық дуэті, Әзербайжаннан «Шашмаком» ансамблі мен бишілері, Қырғызстан өнерпаздар тобы ұлттық аспаптарында шығармаларын орындап, көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді. Сондай-ақ елімізге танымал және жергілікті талантты өнерпаздар да өнер көрсетті.

Кеш соңында қатысушылар «Қорқыт – Ұлы дала сазы» гимнін орындады.

ҚОРҚЫТ МҰРАСЫ: ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ОРТАҚ ЭПИКАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Сыр өңірінде VII рет ұйымдастырылып отырған «Қорқыт және Ұлы дала сазы» халықаралық фестивалі аясында «Қорқыт мұрасы: Түркі әлеміне ортақ эпикалық құндылықтар» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті. Конференцияға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, «Түркі мәдениеті және мұрасы» қорының президенті Ақтоты Райымқұлова, түркітілдес елдердің ғалымдары мен сарапшылары қатысты.

Ғылыми-танымдық жиында Қорқыт ата және оның рухани мұрасын ғылыми тұрғыда зерттеуді дамыту, сонымен бірге, түркі жұртына ортақ тарихи-мәдени құндылықтар арқылы халықаралық ынтымақтастықты нығайту мәселелері сөз болды. Конференцияны облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ашып, биыл қазақ еліне астана болғанына ғасыр толып отырған Қызылордаға алыс-жақыннан келген қонақтарға құрмет білдірді.

Аймақ басшысы Президент бекіткен «Түркі әлемінің келешегі – 2040» құжатына сай тарихы тамырлас түркі жұртының өзара тұрақты байланыс орнатуы өте маңызды бастама екенін атап өтті.

– Қорқыт ата – түбі бір түркі халықтарына ортақ рухани тұлға, ел бірлігі мен мәңгілік өмір идеясының символы. Оның даналығы, мұрасы, тағлымы ғасырлар бойы рухани тірегімізге айналды, ұлт пен ұрпақтың жадында сақталып келеді. Бүгінде Қорқыт мұрасын зерттеу – өткенді тану ғана емес, болашағымызға бағытталған рухани миссия. Осы мақсаттағы ғылыми ізденістер мен халықаралық байланыстар түркі халықтарының мәдени тұтастығын нығайтуға, рухани үндестігін арттыруға зор үлес қосты, – деді облыс әкімі.

Иә, бүгінде Қорқыт ата мұралары ЮНЕСКО-ның мәдени мұралар тізіміне енген. Ұлы ойшыл мәңгі қоныс тапқан Сыр өңірінде Қорқыт баба рухына тағзым ету, мұрасын сақтау және насихаттау бағытындағы жұмыстар жүйелі жалғасуда. Айталық, Қармақшы ауданындағы Қорқыт ата мемориалы туристерге тұрақты қызмет көрсететін рухани демалыс орнына айналды, өткен жылы ғана Қорқыт ата халықаралық әуесайының жаңа терминалы іске қосылды. Сонымен қатар, аймақтағы іргелі оқи орны – Қорқыт ата атындағы Қызылорда

университеті бүгінде халықаралық талаптарға сай мамандар даярлауда.

Одан бөлек, ортағасырлық тарихи-мәдени мұраларды халықаралық деңгейде таныту үшін Ұлттық музей, ТҮРКСОЙ ұйымы және Түркияның Мәдениет және туризм министрлігімен бірлескен шаралар өткізілуде. Қазба жұмыстары кезінде табылған жәдігерлер негізінде «Шірік Рабат сақ жауынгері», «Сығанак хан-шаймы», «Түгіскен көсемі», «Жетіасар ақсүйек әйелі» мүсіндері жаңғыртылып, ғылыми айналымға енгізілді.

Конференцияда «Түркі мәдениеті және мұрасы» қорының президенті Ақтоты Райымқұлова сөз сөйлеп, маңызды жиынды ұйымдастыруға бастамашы болған облыс әкімдігіне алғысын жеткізді.

– Әзербайжан Республикасы Баку қаласында орналасқан халықаралық «Түркі мәдениеті және мұрасы» қоры атынан шынайы ілтипатымды, ыстық ықыласымды білдіремін.

«Сыр елі – жыр елі» атанған қасиетті Қызылорда топырағы – ел бірлігінің іргесін қалап, түркі дүниетанымының темір-қазығын орнатқан, әлемдік өркениетте айрықша орны бар ғұлама, ойшыл, абыз Қорқыт бабамыздың мәңгілік мекені. Бұл тұрғыда түркі бірлігінің тірегі болған бабамыздың ұлы мұрасын ұлықтайтын Қызылорда облысының ұлттық брендін айналып «Қорқыт және Ұлы дала сазы» халықаралық фестивалі бүгінгі таңда ұлттық мәдениеттің биік тұғыры болып, барша түркі жұртын тоғыстырып отыр, – деді А.Райымқұлова.

Конференцияда Әзербайжан Ұлттық Ғылым академиясы фольклор институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, доцент Х.Гүлиев қазіргі дәуірде фольклортану саласында жүр-

фольклорында да ерекше маңызға ие екенін айтты. Сонымен қатар, Қорқыт ата туралы Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұн еңбектеріне шөлу жасап, терең рухани танымдық қабілетімен ерекшеленетін Қорқыт баба болмысы жалпы адамзаттық өмірдің бастауы деген ұғымға сай келетініне назар аударды.

Қажы Байрам Вели атындағы Анкара университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы М.Чевик Түркиядағы Қорқыт ата туралы қазіргі зерттеулер жайлы баяндады.

Айталық, Түркиядағы Қорқыт ата зерттеулері алғаш рет 1916 жылдан бастау алған. Зерттеулер 2017 жылға дейін екі данада, Дрезден және Ватикан көшірмелері бойынша жүргізілген. Ал 2017 жылдан кейін қолжазбаның тағы 3 жаңа данасы табылып, Анкара, Гүнбед және Бурса көшірмелері зерттеулерге енгізілген. Сондай-ақ ол бүгінгі уақыт талабына сай Қорқыт ата туралы балалар мен жасөспірімдерге лайықталған насихат жұмыстары өте қажет екенін атап өтті.

Түркия елінің белгілі этномызикантанушысы, ғалым Ф.Каракая жалпы түркі өнері мен мәдениетіне қатысты аспаптардың тарихын, құрылымын, әуездік ерекшеліктерін тарқатып түсіндірді.

Әзербайжан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының Ә.Науаи атындағы Мемлекеттік әдебиет музейінің директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Ж.Эшонқұловтың баяндамасында Қорқыт ата кітабындағы жазбалардың ролі туралы айтылды.

– Эпикалық мәтінде кездесетін өмір салтындағы ұқсастықтар, әр эпикалық шығарманың аймақтық бірегейлігін, яғни жергілікті ерекшеліктерін баса көрсететін тарихи дамумен қатар, белгілі бір дәрежеде



гiзіліп жатқан зерттеулердің маңызды бағыттарының бірі – архетип теориясына сәйкес адам тек сыртқы әлемнің ықпалымен қалыптасқан жаратылыс ретінде емес, ішкі әлеуеті мен психо-нақтылығы арқылы өзін білдіретін құбылыс ретінде қабылданығын атап өтті. Осы тұрғыдан алғанда, «Қорқыт ата кітабындағы» Қорқыт ата бейнесі – даналық пен қаһармандық үлгісі, түрік мәдениетінде қарт тұлғаға берілетін жоғары мәдени бағалаудың көрінісі деп тұжырымдалды.

Әл Фараби атындағы ұлттық университеттің профессоры, филология ғылымдарының кандидаты А.Бұлдабай Қорқыт ата тақырыбына қатысты Өлкей Марғұлан, Әуелбек Қоңыратбаев, Мардан Байділдаев сынды ғалымдар зерттеулері тарихи деректің түп негізі екенін атап өтті.

Ғалымның сөзінше, жалпы түркі мәдениетінде эпикалық жыр өнері бастауында Қорқыт ата тұр. Сол Қорқыт бабадан бері жалғасып, сүйелер сарынына ұласқан жыраулық, жырышлық дәстүр Сыр өңірінде берік сақталғанын, әсіресе, Жіенбай, Нартай, Нұртұған, т.б. мектептері қалыптасып, шәкірт тәрбиелеп отырғанын өте ұлағатты іс деп бағалады.

Қырғыз Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы Ш.Айтматов атындағы Тіл және әдебиет институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор, манастанушы Ж.Орозбекова кең ауқымды, мазмұнды баяндама жасап, түркі халықтарының ортақ кейіпкері Қорқыт ата және оның мұрасы қырғыз

айырмашылықтарды тудырады. Қазіргі уақытта фольклор эпикалық шығармаларды зерттеу үшін әртүрлі әдістерді қолдануды талап етеді. Тарихи-салыстырмалы әдістің басымдығын көрсете отырып, жақында дәстүрге айналған рухани талдау және семиотикалық интерпретация сияқты басқа әдістерді қолдану қажеттілігі туындайды, – дейді ол.

Филология ғылымдарының кандидаты, М.Өзөзов атындағы Әдебиет және өнер институтының «Қолжазба және текстология» орталығының бөлім басшысы Ж.Рақып, белгілі жырау, Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері А.Алматов жыраулық өнерді оқытуда және ғылыми айналымға енгізуде еліміздегі ғалымдардың ұшан-теңіз еңбегі бар екенін, сондай-ақ ұлттық консерватория жанынан арнайы кафедра ашуда Ақтоты Райымқұлованың қолдау танытқанын атап өтті. Осындай еңбектің нәтижесінде, Сыр бойынан шыққан жыр орындаушылар әлемдік деңгейде өнер көрсетумен қатар, дәстүрлі өнерді ғылыммен ұштастыруға үлес қосып жүр.

Филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының доценті Ұ.Байбосынова баяндама жасап, Қорқыт ата мұрасын жалғастыруда Сыр өңірі жырышы-жырауларының еңбегін атап өтіп, сүйелілердің майам-саздарымен «Көрұғлы» жырынан үзінді орындады.

МӘҢГІЛІК САРЫН

Бейсенбі күні Қармақшы ауданындағы «Қорқыт ата» мемориалдық кешенінде «Қорқыт сазы» концертті ұйымдастырылып, оған Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тыва, Алтайдан келген және отандық өнерпаздар қатысты. Олардың қатарында Сыр елінен шыққан дәстүрлі орындаушылар бар. Іс-шара бағдарламасы ерекше рухани атмосферада басталды. Қонақтарды «Әжелер ансамблі» қарсы алып, салт-дәстүр бойынша шашу шашып, қазақы қонақжайлық үлгісін көрсетті.

Концертте «Түркі мәдениеті және мұрасы» халықаралық қорының президенті Ақтоты Райымқұлова сөз сөйледі. Қызылорда облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Жанмұрат Сейілов облыс әкімінің құттықтауын жеткізіп, атаулы күннің маңызына тоқталды.

– Қадірлі қонақтар! Киелі Сыр аспанында түркі әлемінің ән-жыры қалыптайтын фестивалге қош келдіңіздер. Алаштың астанасы Қызылорда жеріндегі бұл өнер дүбірі күллі әлемнің құлағына жетіп отыр. Кең даланы жырға бөлеп, нұрға толтырған дәстүрлі «Қорқыт және Ұлы дала сазы» халықаралық фестивалі биыл жетінші мәрте өтуде. Туысқан халықтардың фольклорлық-музыкалық өнерін өрістетіп, өзара мәдени байланысын нығайтатын фестивалде биыл талантты өнерпаздар мен ұлт руханиятының тұғырлы тұлғалары бас қосты.

2018 жылы Қорқыт баба мұраларының ЮНЕСКО-ның ғаламдық материалдық емес мұралар тізіміне енгені баршанызға белгілі. Бұл тарихи оқиға түркі мәдениетіне үлкен серпіліс тудырды. Осы

М.ЧЕВИК,
Қажы Байрам Вели атындағы университет профессоры, Анкара

Түркиядағы Қорқыт ата тақырыбындағы академиялық зерттеулер белгілі бір қарқынмен жүргізіліп келеді деп айтуға болады. Мұндағы тезистерден басқа, жыл сайын ондаған, тіпті жүздеген мақала мен кітаптар жазылады. Біз бұл зерттеулердің маңыздылығын талқылаймыз. Дегенмен, бір фактіні назардан тыс қалдырмауымыз керек, академиялық зерттеулер әрине, өте маңызды. Бірақ одан да маңыздырағы, Қорқыт ата санасын біз механикалық деп атауға болатын академиялық зерттеулерден тыс қабылдау және оны адамдардың күнделікті өміріндегі баламалы құндылыққа айналдыра білуіміз қажет.

Қорқыт атаны күнделікті өмірде де айтуымыз керек. Осылайша біз түркі әлемінің ортақ мәдени құндылығын, жасампаз болмысын қалыптастыруға өз үлесімізді қосуға тырысамыз. Қорқыт атаның өнердің әртүрлі салаларында, мәдени іс-шараларда, жалпы қоғамдық өмірде насихатталуы қарқынды түрде жүргізіліп келеді.

Соның көрінісі Түркияда Қорқыт ата атындағы университет, білім беру факультеті, қолданбалы-зерттеу орталығы, бірнеше мектеп, саябақтар бар.

А.АЛМАТОВ,
Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

«Түркі мәдениеті және мұрасы» халықаралық қорының және облыс әкімдігінің қолдауымен биыл 7-рет ұйымдастырылып отырған «Қорқыт және Ұлы дала сазы» атты халықаралық фольклорлық-музыкалық өнер фестивалі аясында түркі елдерінің төл мәдениетін айқындайтын өте маңызды іс-шаралар өтуде. Соның бірі – «Қорқыт мұрасы: Түркі әлеміне ортақ эпикалық құндылықтар» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы.

Сыр елі – тоғыз тарау жол мен тоқсан тарау тағдыр тоғысқан тарихи мекен. Сондықтан да бұл елдің фольклорлық-этнографиялық, музыкалық, археологиялық дәуірлері сонау мыңжылдықтардан бастау алады.

Өнерді жойылған, сақталған, дамушы деп бөлетін болсақ, Сыр бойындағы жыраулық дәстүр де сақталған күйінде кешегі 80-жылға дейін келді. Бұл кезеңде жыраулардың жасы егде тартқан еді. Бірақ біздің алдымызда шәкірт тәрбиелеу мәселесі тұрды. Сол уақытта фольклор зерттеуші Мардан Байділдаев, өнертанушы Алма Құнанбаева, филолог Анарбай Бұлдабай сынды ғалымдар еңбегімен дәстүрлі жыраулық өнерді дамыту бағытындағы жұмыс қолға алынды.

Осындай ұзақ мерзімді жүйелі жұмыстардың бір нәтижесі 1998 жылы Қорқыт ата университетінде іске асты. Мемлекеттік стандартты жасай отырып, «Дәстүрлі өнер: жыр» мамандығын енгіздік. Бүгінде дәстүрлі өнер «ән», «жыр», «айтыс» болып жіктеліп, еліміздің білім беру жүйесінде оқытылып жатыр.

Ж.ЭШОНҚҰЛОВ,
Өзбекстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Ә.Науаи атындағы Мемлекеттік әдебиет музейінің директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор

«Қорқыт ата» кітабының кіріспесін Алпамыс, Манас, Көрұғлы эпостарының кіріспе бөліктерімен салыстырған кезде эпикалық шығармалардың мәні тереңірек ашылады.

Шындығында, аңыз, эпосаналардағы Қорқыт бейнесі – қаһармандық пен даналықтың үлгісі. Сол секілді, түркі әдебиетінің көркем туындылары Манас батыр, Алпамыс батыр сияқты эпостық жырлар да ерлікті дәріптейді. Осы арқылы халықтың рухын көтереді. Біз бұл тақырып шеңберінде өзара тамырлас, бауырлас жұрт екенімізді жақынырақ біле түсеміз.

Жалпы «Қорқыт және Ұлы дала сазы» халықаралық музыкалық-фольклорлық өнер фестивалі түбі бір түркі дүниесінің бірлігін нығайтып, болашағын айқындайтын мәні зор мәдени шара деп білемін. Фестивальде көне музыкалық аспаптардың қайта жарыққа шыққанына, бауырлас елдерден келген өнерпаздардың мәдени мұраларының қайта жаңғырғанына куә болып жатырмыз. Біздің басты мақсатымыз – келешек ұрпаққа осындай жәдігерлерді мирас ету.

«СБ» тілшілер тобы

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

<https://twitter.com/syrboyi>

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес
KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен
сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына сейсенбі, бейсенбі, сенбі (*сенбілік екі нөмір*) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.